



Теңге — тәуелсіздік нышаны



**Қарлығаш
ОСПАНОВА**

Бүгін – тұғырлы төл теңге күні. Ал, теңге – тәуелсіз еліміздің мемлекеттік нышаны. Ұлттық валютамыз, яғни теңгеміздің пайда болуы, оның бар болуы – еліміздің егемен ел екендігінің тағы бір дәлелі. Сондықтан, ұлттық теңгеміздің пайда болу тарихын білу ол әр қазақстандық азаматқа тән болуы тиіс.

ҚР Ұлттық банкінің Қостанай облысы бойынша филиалы директорының орынбасары Ғалия Жұмабаева да өзінің ең алғашқы еңбек жолының осы теңгемізді енгізу кезеңімен басталғандығын айтады. Айтуынша, Ұлттық валютаны енгізу жөніндегі іс-шараларды тым қысқа мер-

зімде жүргізу керек болған. Дер кезінде жүргізілген дайындық шаралары айырбасты белгілеген мерзімде аяқтауға және ақша реформасының мақсаттарына жетуге мүмкіндік берген. Осы орайда айрықша еңбек сіңірген банк жүйесі мекемелері қызметкерлерінің жұмысын ерекше атап өтуге болады.

– Төл теңгеміз 1993 жылдың 15 қарашасынан еліміздің бүкіл аумағы бойынша айналысқа енгізілді. Мен ол кезде осы банкте аға ревизор болып жұмысымды бастаған едім. Бізге үлкен жауапкершілік жүктелді. Үш күн бойы таңертеңнен түн жарымына дейін ақша айырбастау кезеңі қарқынды жүргізілген еді. Алғаш рет теңгені қолымызға ұстағанда біз ең алдымен егемендік деген ерекше сезімді бастан өткердік. Сондықтан да, қазақ халқының өз ұлттық валютасының пайда болуы – тәуелсіз мемлекет екендігіміздің айғағы. Ұлттық валютамызды енгізу егемендігіміздің қалыптасуына, еліміздің

экономикалық және саяси өміріне зор үлес болды. Жиырма үш жыл ішінде төл теңгеміз ұлттық валюта болып қалыптасты. Кез келген ұлттық валюта өзінің бойында мемлекеттің өткені, бүгіні мен келешегін бейнелейді. Біздің теңгеміз де тәуелсіздігіміздің нышаны. Бүгін біз Теңге күнін және қаржы қызметкерлерінің кәсіби мерекесін атап өтеміз. Сондықтан, барлық қазақстандықтарды төл теңгеміздің туған күнімен, ал қаржы саласының қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтап, дендеріне саулық, отбастарына амандық тілеймін, – дейді ҚР Ұлттық банкінің облыстық филиалы директорының орынбасары Ғ.Жұмабаева.

СУРЕТТЕ: ҚР Ұлттық Банкінің Қостанай облысы бойынша филиалы директорының орынбасары Ғалия Жұмабаева мен жетекші маман Меңсұлу Қайырова. Суретті түсірген Айбек ЖҰЗБАЙ.

Баспасөз — 2017

"Қостанай таңы" – сенің газетің оған 2017 жылға жазылу жүріп жатыр

Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады.

"Қостанай таңы" газетіне жазылу бағасы:

- кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін:
 - 1 жылға – 6000 теңге
 - 6 айға – 3000 теңге.
- жеке оқырмандарға:
 - 1 жылға – 4500 теңге
 - 6 айға – 2250 теңге.
- Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін:

ушін:

- 1 жылға – 4200 теңге
- 6 айға – 2100 теңге.
- Қостанай, Арқалық, Рудный, Лисаков қалалары бойынша газеттің индексі:
 - жеке оқырмандар үшін – 54613
 - зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54614
- кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54615
- Селолық жердегі жазылушы-

лар үшін газеттің индексі:

- жеке оқырмандар үшін – 54683
- зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54684
- кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54685
- "Қостанай таңы" газетіне "Қазпошта" бөлімшелерінде және аймақтық "Костанайские новости" газеті редакциясының баспасөз тарату қызметінде жазыла аласыз.



100
80
60
40
20

100
80
60
40
20

100
80
60
40
20

100
80
60
40
20

Синий
Красный
Желтый
Черный

Ғалымға құрмет

Нұрболат
МЕШІТБАЕВ

Қостанай облысы әкімдігінің архивтер және құжаттама басқармасы Қазақстан Республикасының және облысымыздың 2016 жылғы атаулы күндері және танымал қоғам қайраткерлері туралы кең қауымға арналған дәрістер топтамасын өткізуін жалғастырып келеді. Бұл жолы белгілі тарихшы-ғалым, Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, ҚР мемлекеттік сыйлығының иегері, Меңдіқара ауданы мен Қостанай қаласының Құрметті азаматы Манаш Қозыбаевтың 85 жылдық мерейтойына арнап өткізді.

Салтанатты шараны аталған басқарманың басшысы Гүлжан Меңдекенова ашып, игі істің не үшін және қандай мақсатпен ұйымдастырылып жатқанына тоқталды.

– Биылғы жылы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл. Міне, осы атаулы датаға байланысты біздің басқарма бірнеше іс-шара ұйымдастырып, мәжілістер өткізді. Бүгінгі жиналысымыз да соған орай әрі туған жердің тұлғасы Манаш Қабашұлының 85 жылдығына байланысты өтіп жатыр, – деп одан әрі сөз кезегін тарих ғылымдарының докторы, профессор Еркін Әбілге берді. Ол Манаш Қабашұлының Қазақ елінің тарихын зерттеудегі әрі қоғам қайраткері ретіндегі азаматтық орны жайында кеңінен әңгімеледі.

Мәжіліске мемлекеттік орган қызметкерлері, облыстық қоғамдық кеңес мүшелері, оқытушы-ғалымдар, мәдениет қызметкерлері қатысты. Солтүстік Қазақстан облысы М.Қозыбаев атындағы университет деректі фильм түсіріп, соны жиналған қауымға таныстырды. Академик ғалымның туған апасы Сәулеш Қабашқызы да арнайы келіп қатысып, Манаш Қозыбаевтың жеке тектік қорына бірнеше тарихи құжаттарды, суреттер мен бейнебаяндар таныстырды.

Алда әлі екі жәрмеңке бар

"Алтын күз 2016" ауыл шаруашылық жәрмеңкесі сенбі күні облыс орталығының үш нүктесінде – Сити-орталықта, 8,9 шағын аудандарда және КСК шағын ауданында өтті.

Сауда-саттық мерекесінде 14 аудан және Қостанай, Рудный қалаларының ауыл шаруашылық тауар өндірушілері өнімдерін тұтынушыларға арзандатылған бағамен ұсынды. Әдеттегідей, ет, сүт, ұн өнімдері мен көкөністерге сұраныс көп болды. Сөрелерден шұжықтар, балықтың бірнеше түрі, бал және кондитерлік өнімдерді табуға болады. Тауық еті мен жұмыртқаның саудасы да қызу жүрді. Оның себебі де белгілі: дүкендерде 300 теңге тұратын жұмыртқаның он данасы 200 теңгеге бағаланған. Сондықтан бұл кезекке тұрғандардың бәріне бірдей жетпей қалды. Осы үшін көңілдері көншімей кеткен адамдар көп болды.

Жәрмеңкедегі жағдайды бақылау үшін келген облыс әкімінің орынбасары Ғауез Нұрмұхамбетов те тұрғындардың назына құлақ түрді. Тиісінше алдағы уақыттарда мұндай олқылық болмас үшін барлық мүмкіндік жасалатынын жеткізді. Ал алдағы жәрмеңке жабық нысан ішінде, нақтырақ айтқанда МАИ ауданы маңындағы мұз айдыны сарайында жаңа жылға дейін екі рет ұйымдастырылмақ.

Ж.ЖҮСІПБЕКОВ.



Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ



Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында жолға шыққан пойызда халық қалаулылары, қоғам қайраткерлері, жеті министрлік және үш ұлттық компанияның өкілдері бар. Жексенбі күні сағат тоғызда теміржол вокзалына жиылған елдің көңілі де көтеріңкі. Тобыл тұрғындары құрметті қонақтарды ән-шашумен қарсы алды. Осы орайда, қостанайлықтар алдында сөз алған қамқор топтың жетекшісі, тарихшы Әміржан Әлпейісов шараның маңыздылығына тоқталды.

– Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігімізге биыл 25 жыл толып отыр. Осы қысқа ғана уақыттың ішінде еліміз әлемге танылды. Бүгінгі күні келешек ұрпаққа оның қадір-қасиетін ұғындыру қажет. Бұл жолғы біздің сапарымыздың мақсаты да осы. Біз сапарға шыққан он шақты күннің ішінде 15 мыңға жуық адамға қызмет көрсеттік. Олардың тең жартысы медицина саласының мамандарына жүгінді. Оның басты себебі, жергілікті жерлерде дәрігерлер тапшы болып отыр. Біздің мамандар сырқаттарды тексеріп, облыстық, республикалық клиникаларға жолдамалар беруде. Одан өзге



де маңызды мәселелерді қарастырамыз, – деді.

Иә, дертіне дауа іздеген тұрғындарға бұл үлкен көмек болды. Мамандандырылған жолаушылар пойызына 72 медицина маманы мінген. Астана қаласының қантамыр хирургі Руслан Дүйсенбаевтың айтуынша, келген науқастарға республикалық және ұлттық көлемдегі клиникаларға жолдама берілуде. Олар қаладағы №1 емханада күні бойы жұмыс істеді. Қостанайлықтар, әсіресе, кардиолог, эндокринолог, офтальмолог, онколог, ортопед-травмотолог мамандарға көптеп жүгінді. Мәселен, Қайрат есімді наурызымдық азаматтың бес жылдан бері буыны ауырып жүрген. Енді оның айтуынша, "Тәуелсіз Қазақстан" пойызының дәрігерлері басқа диагноз қойып, Алматыға жолдамамен жіберіп отыр.

Сондай-ақ, Достық үйінде жергілікті этномәдени бірлестіктердің өкілдері, еңбек ұжымдары және ЖОО студенттері қоғамдық қабылдауда болды. Әлеуметтік, заң бойынша көмектер көрсетілді. Қала

тұрғындары мен қонақтар көкейде жүрген көп сауалдарын қоюға мүмкіндік алды.

Сонымен қатар ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, білім және басқа сала бойынша жиындар өткізіліп жатыр. "Тәуелсіз Қазақстан" пойызының келе жатқанын естіген кей тұрғындар шалғай ауылдардан арнайы келген екен. Олардың дені ірі қара басын көбейту мәселелері, "Құлан", "Сыбаға" бағдарламаларына құжаттар дайындаудағы қиындықтар туралы айтты. Ал сала мамандары бұл мәселелермен нықтап айналысатынын жеткізді.

Пойыз 43 күнде 35 елді мекенді араламақ. Қалың бұқараның қамын ойлап, қордаланып қалған кейбір мәселелерді оңынан шешуді ойластырған республикалық акция желтоқсан айының 14-і күні Алматы қаласында түйінделеді.

СУРЕТТЕ: "Тәуелсіз Қазақстан" пойызының жолаушылары.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

● БӘРЕКЕЛДІ!

Бас жүлдені жеңіп алды

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Қазақстан халқы Ассамблеясының республикалық ғылыми жұмыстар байқауында қостанайлық авторлардың ұжымдық монографиясы Гран-при жүлдесін жеңіп алды. Аталмыш сайыс ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ұйымдастырылған болатын.

Марапаттау рәсімі 7 қараша күні Астанада өтті. Оған Қазақстан халқы облыстық Ассамблеясының ғылыми-сарапшы тобының төрағасы және ғылыми жұмысты жазу барысында басы-қасында болған Әлімжан Бекмағамбетов қатысып келді. Монография Қостанай облысының материалдары бойынша дайындалған. Тақырыбы "Актуальные проблемы межэтнических отношений: современное состояние и перспективы" деп аталады. Ал редакторы – Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов. Редакция



құрамында Гүлмира Құдайқұлова бастаған бір топ қостанайлық қоғам белсенділері бар.

Заң ғылымдарының кандидаты Әлімжан Бекмағамбетовтың айтуынша, байқауға 10 жұмыс түскен. Қостанайлық моногра-

фияны дайындауға шығармашылық адамдар мен мемлекеттік қызметшілер қатысты. Жұмыс 5 тарау, 31 параграфтан тұрады.

– Бұл жеңіс еліміздің тәуелсіздігінің 25 жылдығына қосқан баршамаңыздың үлесіміз, сыйымыз. Ұжымның қол жеткізген табысы. Монографияда қызықты да қажетті материалдар топтас- тырылған, – деді Ә.Бекмағамбетов.

СУРЕТТЕ: Астана қаласында өткен марапаттау рәсімінен көрініс.

● ДЕРЕК

Өнеркәсіп өндірісі

2016 жылғы қаңтар-қазанда өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индексі 100,1% құрды.

Облыстың өнеркәсібімен 2016 жылғы қаңтар-қазанда қолданыстағы бағаларда 495,1 млрд. теңгеге өнім өндірілді.

Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуда асбест (5,6%), бокситтер (2,2%), теміркенді шөкемтастар (2,1%) өндіру өсті. Мыс кендерін (51,3%), құрамында алтыны бар кендерін (25,6%), теміркенді қойыртпаларын (22,4%), мыс қойыртпаларын (2%) өндіру көлемі қысқарды.

Өңдеу өнеркәсібінде өткен жылмен салыстырғанда жүк автомобильдері (2,4 есе), шоколад, шоколад пен қанттан жасалған кондитер өнімдері (58,2%), өңделген сұйық сүт және кілегей (35,3%), ет және тағамдық қосымша өнімдері (32,3%), астық жинайтын комбайндар (30,4%), дәмді-дақылдардан және өсімдіктен жасалған ұн (25,8%), ірімшік және сүзбе (24,3%) көбірек шығарылды.

Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптауда жылу энергиясын өндіру 4,5% көбейді, электр энергиясын өндіру 13,8% төмендеді.

● ТӘУЕЛСІЗДІК – ТАҒДЫРЫМ

Тәуелсіз елдің өрені



Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Аз уақыттан соң қазақ елі тәуелсіздіктің 25 жылдығын тойлайды. Тәуелсіздікке — оңай жолмен келмегенін бүгінгі күннің жастары жақсы біледі. Қазақ халқының ғасырлар бойы көздеген арман-мұраттарының орындалуы жолында көптеген іс тындырылды.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығы елімізде түрлі игі істермен айшықталып, айқындалып келеді. Елімізде өтіп жатқан байқаулар жас ұландарымызды шыңдап, болашаққа жол сілтеуде. "Бала тәрбиесі — бесіктен" демекші, өрендеріміз "елдің атын шығарамыз, тәуелсіз елдің болашағы — біздер" деген сеніммен өсіп, келешекке зор үмітпен қарауда.

Кішкентай өрендердің жолын ашып, елдің түкпір-түкпірінен талантты балғындардың басын қосқан байқаудың бірі — ұлттық арнадан берілген "Айгөлек" бала-



үшін" дейді анасы Ақжарқын.

Болашағынан зор үміт күттірген Айару әлі де қазақ жұлдыздарымен бірігіп ән салып жүр. Майра Илиясованың "Самға, Жұлдыз" атты жобасына қатысып, Гүлнұр Оразымбетова апасымен бірігіп, екі дуэт орындаған. Астанаға келгелі жеке орындауда ән айтудың реті келмей жатқанға ұқсайды.

Қазір ол 9-сынып оқушысы. Эстрада әншісі болу бар арманы. Қызын өнер әлеміне жетектеп жүрген әкесі: "Өнер жолы — ауыр жол" демекші, бұл жолды бағындыру үшін

көп еңбек керек. Алда жоспар көп. Бірақ, қазіргі мақсатымыз — орта мектепті аяқтаған соң Алматы қаласына Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясына тапсыруды ойлап, жоспарлап жүрміз. Балалардың бағы жанып, күні ертең елі мақтанатын әнші болып шықса, сенімнің ақталғаны", — дейді.

Айару алдағы келе жатқан мерекенің қаншалықты маңызды екенін жақсы біледі. Себебі, ол А.Иманов, Кейкі сияқты батырларды дүниеге әкелген қасиетті өлкеде дүниеге келген. Бабалары аңсап кеткен тәуелсіз елдің өрені. Осы елде өнерлі, білімді, талантты жастар болашағын бағалап өсуі керек деген сенімде.

Көреген басшы

Менің елім Қазақстанда тәуелсіздікпен қатар аталатын қадірлі де қастерлі бір тарихи тұлға бар. Ол — Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

"Халқымның тәуелсіздік таңы атқанда,

Көрінді көш алдында дара тұлға", — деп Қадыр ақын айтқандай, мен кейде Қазақстанды алып кеме, ал Елбасыны оның капитаны сияқты елестетемін.

Ағылшын жазушысы және публицисі, саяси биограф Дж.Айткен мырзаның "Назарбаев және Қазақстанның қалыптасып дамуы" атты кітабын жазып, Лондонда оның тұсаукесерін өткізгені Елбасымыздың, шын мәнінде, біртуар азамат, елін ұлы көшке сүйреген көшбасшы екендігінің айқын дәлелі. Тарихтың тағдыр-талайы шешуші сәтінде мемлекет басына келіп, шексіз ұлтжандылықпен рух биіктігін көрсетіп, елін өрлеу мен гүлдену жолына түсіріп, іріклмей жол бастап келе жатқан ізгі жан туралы жылы лебіздерді көптеп келтіруге болады. Соның бірі, Ресейдің байтақ бір өлкесін билеп, халқының құрметіне бөленіп отырған қандасымыз

Аман Төлеев "Нұрсұлтан Назарбаев өте көреген, әріден ойлайтын саясаткер. Ол жігерлі әрі айбарлы адам. Мен оның көрегендігін ұнатамын. Ол шебер шахматшы секілді, бәрін де алдын ала есептеп, нағыз жүрістерді таңдай алады", — деп әділ бағасын берген.

Президент боламын деген кісі ақылы мен қайратын, жігерін ірі саясаткер талантымен, ел басқару ісіндегі мол тәжірибесімен ұштастыра отырып, елдің бірлігі, халықтың тыныштығы, мемлекеттің тәуелсіздігі мен қадір-қасиетінің артуы үшін еңбек етуі шарт. Нұрсұлтан Назарбаев бұл шарттардан мүдірмей өтті, ол елдің, мемлекеттің ақыл-ойын байытуға, абыройын асыруға, ар-ождан ардақтауға қызмет етті және қызмет етіп келеді. Мәселен, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен демократиялық құндылықтарды құрметтеу, ашық қоғам құру, адам құқы қорғау мен сөз бостандығын өркендету сай қамтамасыз ету салаларында ауыз толтырып айтарлықтай табыстарға жетті.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы



Назарбаевтың халыққа арнаған Жолдауларында айтылған ойлар республикамыздың түкпір-түкпірінде іске асырылып, жандануда. Біз бірлік, ынтымақ, бауырмалдық, татулықтың арқасында бірлігіміз жарасып, бақытты елге айналдық. "Бірлік болмай, тірлік болмас", — деген даналықтың түп қазығы осында.

Нұркен ТОҚАЕВ,
Смирнов орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі.

Смирнов ауылы,
Қарабалық ауданы.

Жаңа тағайындау

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Арқалық қаласы әкімінің аппаратына құрылымдық өзгерістер енгізіліп, қала әкімінің бұрынғы әлеуметтік мәселелер бойынша орынбасары қызметі "Экономикалық мәселелер мен әлеуметтік сала бойынша орынбасары қызметі" болып өзгертілді. Жаңа қызметке З.Әлмағанбетова тағайындалды.

Зәуреш Мырзағалиқызы 1962 жылы 12 қазанда Қостанай облысы, Аманкөлді ауданы, Еңбекші ауылында дүниеге келген. Қостанай ауылшаруа-

шылық институтын экономист-ұйымдастырушы мамандығы бойынша бітірген.

2014-2016 жылдары Қостанай облысы мемлекеттік кірістер департаментінде ұйымдастыру - қаржы басқармасы бухгалтерлік есеп және мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы болып жұмыс істеген.

Арқалық қаласы.



6 press-club баспасөз клубы пресс-клуб пресс-клуб баспасөз клубы пресс-клуб пресс-клуб баспа



Нақты мақсаты бар Академия

Гүлназым
САҒИТОВА

Облыс орталығындағы Қазақстан Республикасы ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы еліміздегі ішкі істер органдарына кадрларды даярлайтын жетекші ведомстволық жоғары оқу орынының өркендеуі еліміздің және облысымыздың тарихымен тығыз байланысты екендігін баспасөз орталығында бұқаралық ақпарат өкілдерімен өткен кездесу барысында Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясының бастығы полиция полковнигі Мирлан Қызылов жан-жақты айтып берді. Сондай-ақ, журналистермен өткен кездесуге академия бастығының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары, полиция подполковнигі Олжас Сейітжанов, 4-курс тыңдаушылары, оқу озаттары Манар Қабай мен Асылхан Көбентаев қатысты.

Биыл қазақстан Республикасы ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының құрылғанына қырық бес жыл толды. Айтулы дата Қостанай облысының 80 жылдығымен, ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Ел егемендігінің 25 жылдығына байланысты Академияда 25 іс-шара ұйымдастырмақ.

Академия 1971 жылдан бастап 2016 жыл аралығында ішкі істер органдары үшін отыз бір мыңнан астам қызметкер дайындады. Қазір Академияның оқу үдерісін үш институт, екі факультет, он бір кафедра қамтамасыз етеді. Оқу орны "Құқық қорғау қызметі", "Педагогика және психология", "Әлеуметтік жұмыс" мамандықтары бойынша жоғары білімді (бакалавр) кадрларды дайындауды және "Құқық қорғау қызметі" мамандығы бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді (магистратура) жүзеге асырады.

— 2014 жылдан бастап Академияның он төрт курсанты ҚР Президентінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі Жарлығына сәйкес, оқуда үздік оқығаны үшін "Оқу орнының үздігі" төс белгісімен марапатталды, оның ішінде 2-уі осы үстіміздегі оқу жылында алды. Сонымен қатар, биыл академия түлектерінің арасында алғашқылардың бірі болып Нұрсұлтан Есенгелдина Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өз қолынан арнайы "лейтенант" шенін алды. Курсанттардың оқуға деген ынтыласын арттыру үшін ай сайын әр курста курсанттардың үлгерім қорытындысы ("Мамандық бойынша ең жақсы курс", "Ең жақсы курс") шығарылады. Үлгерім нәтижесі бойынша 1-орын алған курстар жалпыакадемиялық жеке құрамның жиналысында жалаушаға (вымпел) ие болады. Және де Академияның жеті үздік тұлғеі еліміздің Ішкі істер министрі гене-

рал-полковник Қ.Қасымовтың қолынан арнайы "лейтенант" шенін иеленді. Бұл, әрине, түлек үшін, оның ата-анасы үшін, одан қалды оқу ордамыз үшін үлкен жетістік.

Осы жылы алғаш рет кейінгі курсанттарға үлгі болсын деген қағидамен үздіктер слетін өткіздік. Академияның оқытушылық-профессорлық құрамына келер болсақ, бір профессор, екі ғылым докторы, бес доцент, жиырма үш ғылым кандидаты және елу бес қызметкердің "магистр" академиялық дәрежесі бар. Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясында бес қызметкер докторантурада білім алады. Оқу орны ішкі істер органдары үшін кадрлар даярлау, біріккен ғылыми зерттеулер, тәрбиелік іс-шаралар өткізу, оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен алмасу саласында Ресей Федерациясы, Белоруссия, Украина, Қырғыз Республикасы, Тәжікстанның, өзге де жақын және алыс шет елдердің жетекші ведомстволық жоғары оқу орындарымен және азаматтық білім беру ұйымдарымен өзара ынтымақтастық туралы көптеген шарттар мен келісімдер жасадық, — деді академия бастығы Мирлан Қызылов.

Академияда Қырғызстан, Тәжікстан елдерінен де жастар оқиды. Сол секілді 2015 жылы Академия Полиция Академиясы Халықаралық Ассоциациясының (INTERPA) толық құқықты мүшесі атанды. Оқу орны ішкі істер органдарына қызметкерлер даярлайтын оқу орны болғандықтан академия қызметкерлері мен курсанттарының жауынгерлік, дене дайындығы да назардан тыс қалмайды. Оларды білікті жаттықтырушылар, ұлттық дәрежедегі спорт төрешілері сонымен бірге жоғары кәсіби профессорлық-оқытушылық құрамы қамтамасыз етеді. 1996 жылдан бастап қазіргі күнге дейін Академияда отыз спорт шебері, сексеннен астам спорт шеберлігіне үміткер дайындалды. Академияда құрылған тәрбие бөлімі жеті бағыт бойынша жұмыс істейді. Алдағы уақытта Қостанай академиясында ішкі істер органдарының болашақ офицерлердің классикалық бейнесін қалыптастыру мақсатында Мәдениет университетін құру бағытында оқу жұмыс бағдарламасы, ережесі дайындалуда.

— Академияның пробация қызметі мәселелері бойынша қол жеткізген жетістіктерінің бірі — Қазақстан Республикасында пробация қызметін құру кезінде негізге алынған Пробация қызметінің ұлттық үлгісін өзірлеуі және академия қызметкерлерінің "Пробация туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын даярлауы болып табылады, — деді академия бастығы Мирлан Қызылов.

СУРЕТТЕ: басқосудан көрініс.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

● 15 ҚАРАША – ҚР ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ

Тұғырлы төл теңге төңірегінде

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев:
"Теңге – еліміздің тәуелсіздігінің нақты белгісі. Қазақ теңгесі халық игілігіне қызмет етіп, еліміздің байып өркендеуіне әр уақытта қызмет етсін" деген жылы лебізін білдірген еді.

Тұғыры биік төл теңгеміз ғасырлар тоғысындағы алмағайып кезеңде пайда болып, жаңа ғасырда еліміздің экономикалық тәуелсіздігінің айқын көрінісі болды. Жалпы, төл теңгемізге тоқталмас бұрын "теңге" сөзінің мағынасын ашып алғанымыз жөн. Қазақстан ұлттық энциклопедиясында: "Теңге – Орталық Азия мен Қазақстан аумағында өмір сүрген мемлекеттерде және соған шектес аумақта күмістен шекілген мәнәт. Тарихшылардың археологиялық және нумизматикалық зерттеулеріне сүйенсек, Қазақстан аумағында теңге тарихы ежелгі замандардан бастау алады. Ежелгі түркілер Ұлы Жібек жолының бойында VI-VIII ғасырларда билеуші тайпалардың таңбасы шекілген, ру рәмізі бейнеленген теңге құя бастаған" деген анықтама берілген.

1993 жылдың 12 қарашасында Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығында: "Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабына сәйкес осы жылдың 15 қарашасынан бастап ұлттық валюта – теңгені Қазақстан Республикасы аймағында айналымға енгізсін" делінген. Міне, осы кезден бастап теңгеміз – тәуелсіздігіміздің символдарының бірі болды. Тәй-тәй басқан егемен елдің еншісі іспеттес еді.

Еліміз өзінің төл валютасын қиын да күрделі жағдайда дайындап, қабылдаған болатын. 90-ыншы жылдардың басы біздің еліміз үшін болашақты айқындау жолындағы шешімдерді қабылдауда барынша қиын кезең болды: өндірістің кең ауқымды құлдырауы, экономикалық байланыстардың үзілуі сияқты маңызды мәселелер тұрды. Теңгенің жаңа қолданысқа ене бастаған кезеңінде ірі кәсіпорындар жүйесі тоқыраушылықты бастан кешірді. Мысалға, Қостанай қалалық әкімшілігінің

құжаттарында Қостанай тоқыма кәсіпорнына жаңа тоқыма түрлерін шығару үшін құрал-жабдықтар алуға қаражаттың жетіспеушілігі және несиелік ресурстардың тапшылығы кері әсерін тигізгені туралы ақпараттар берілген.

1991 жылы Қазақстан нарықтық қайта құруды қолға алды. Жас мемлекеттер бірінен соң бірі өздерінің ұлттық валюталарын енгізе бастады. Сөйтіп, 1993 жылдың 3 қарашасында Президенттің Жарлығымен құрылған Ұлттық валюта енгізудің тұжырымдамасы дайындалды. Аталған жылы теңгенің айналысқа шығарылуы Тәуелсіз республикамыздың ең маңызды оқиғаларының бірі болды.

Әрине, теңге төрт аяғын тең басқан жорғадай бірден жолға түсіп кеткен жоқ. Ең әуелі, теңгеге байланысты бүкіл инфрақұрылымды қайтадан құруға тура келді. Бұл іс банк жүйесінен басталды. Банк жүйесінде реформа жүргізуге жол салған 1991 жылы қаңтарда қабылданған "Банктер мен банк қызметі туралы" заңы болды, ол екі деңгейлі банк жүйесін қалыптастырды.

1993 жылдың 15 қарашасынан 31 желтоқсанына дейін Қостанай облысы аймағында ҚР Ұлттық Банкінің Қостанай филиалында ақшаларды айырбастау жүргізілді. Облыс бойынша барлығы 90474 мың теңге көлеміндегі ақша айырбасталады деп күтілді, іс жүзінде тұрғындардан 88262 мың теңге айырбасталды.

Қала активінде Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы Жарлығын орындау барысы туралы отырыстар жүргізіліп отырды. Кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелерде ұлттық валютаны енгізу жұмыстарын басшылыққа алуды жүзеге асыру мақсатында ақша белгілерін



айырбастау комиссиясын құру қажеттілігі туындады. Айырбастау кезінде паспорттарына айырбасталды деген белгі қойылатын болды. Айырбастау кезеңінде, яғни 15-18 қараша аралығында барлық сауда орталықтары бұрынғы тәртіпте жұмыс жасады. Барлық тауарлар теңге және 1961-1992 жылғы ақша белгілерімен жіберіліп отырды. 1993 жылдың 15 қарашасынан бастап Қазақстан Республикасы аумағында қазыналық және банктік билеттердің айналымына тыйым салынды.

Сонымен қатар, "Ұлттық валютаны айырбастау туралы" Жарлығына сәйкес қаланың жұмыссыз азаматтарына қызмет ету тәртібі туралы мәселелер қозғалды. Комиссияның шешімімен айырбастау пунктеріне өз кірістерін бүркемелеп, өздерін жұмыссыз азаматтар қатарына қосып қойған фирма, кәсіпорын,

өнеркәсіп басшыларының іс-әрекеттері әшкереленді. Сондықтан, ақша айналымын тұрақтандыру және жасырын кірісті анықтау мақсатында жұмыссыз азаматтарға еңбек кітапшалары және жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуі талап етілді. Ал жұмыс істейтін азаматтардың, ұлттық валютаны айырбастау бойынша банктер мен кәсіпорындардың арасында түсініспеушіліктер те болды, кейбір банктер азаматтардың ақшаларын айырбастаудан бас тартып жатты. Осы мәселе төңірегінде аймағымызда біраз жұмыстар атқарылды.

Елімізде болып жатқан дағдарысқа қарамай, төл теңгеміз төрімізден тапжылмас орын алады деп сенеміз.

Әсемгүл ҚАДЫРМЕНОВА,
Қостанай облыстық мемлекеттік архивінің мұрағатшысы.

БЖЗҚ туралы 5 сауал

Зейнетақы жинақтары еңбекақыдан құралады

Бүгін біз БЖЗҚ туралы 5 сауал айдарында БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шотына міндетті зейнетақы жарналарын тұрақты, уақытылы және толық аудару қажеттілігі туралы айтамыз. Сіздің белсенді еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі қамсыздандыруыңыз елеулі дәрежеде осыған байланысты.

1. БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері неге байланысты?

БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері БЖЗҚ-ға уақытылы аударылған зейнетақы жарналарының көлеміне, жиілігіне, ұзақтығына және толықтығына тікелей байланысты. Осыған орай БЖЗҚ салымшыларға БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу бойынша агенттер аударымдарының уақытылы және толық болуын тұрақты түрде өз бетінше бақылауға кеңес береді. Зейнетақы жинақтарыңызды кез келген БЖЗҚ бөлімшесіне барып не интернет-хабарландыруды таңдап тексере аласыз.

2. Кім зейнетақы жарналарын төлеу бойынша агент бола алады?

Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептейтін, ұстап қалатын (есепбіне жазатын) және БЖЗҚ-ға аударатын жеке немесе заңды тұлға, сонымен қатар қызметін Қазақстан Республикасында шетелдік заңды тұлғалардың тұрақты мекемесі, филиалдары, өкілдіктері арқылы жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлға агент бола алады. Басқа сөзбен айтқанда, агент – сіздің жұмыс берушіңіз.

3. Агенттің міндеттері қандай және оларды бұзғандағы жауапкершілігі қандай?

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" заңының (бұдан әрі – Заң) 39-бабының 10-тармағына сай агент БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын уақытылы есептеуге, ұстап қалуға (есепке жазуға) және төлеуге міндетті.

Заңның бұл нормалары бұзылса, нақты төленген және қызметкер кіріс алған жағдайда,

агент уақытылы ұстап қалмаған (есепбіне жазбаған) және (немесе) аудармаған міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасын мемлекеттік кіріс органдары өндіріп алады немесе агенттер мерзімі өткен әрбір күнге (Мемлекеттік корпорацияға төлейтін күн қосылады) уәкілетті орган белгілеген қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінің 2,5 еселенген мөлшерінде есептелген өсімпұлмен бірге міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының пайдасына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленетін қызметкерлердің пайдасына аударуы тиіс (Заңның 28-бабының 1-тармағы).

Сонымен қатар, Заңның 29-бабының ережелеріне сәйкес агенттер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес әрбір қызметкер бойынша есептелген, ұсталған (есепбіне жазылған) және аударылған міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын бас-тапқы есепке алуды жүргізуге міндетті және міндетті зейнетақы жарналарының салымшылары

мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленетін қызметкерлерге есептелген, ұсталған (есепбіне жазылған) және аударылған міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары туралы мәліметті есептіден кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей ай сайын ұсынуға міндетті.

4. Зейнетақы жинақтары жоқ не жеткіліксіз адамдар не істеуі керек?

БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары жоқ не зейнетақы жарналары тұрақсыз аударылатын тұлғаларға, сондай-ақ жұмысқа орналасқысы не қосымша жұмыс істегісі келетін адамдарға Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің "Тұлғаларға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарына қатысуға жолдамалар беру" мемлекеттік қызметінің стандартын әзірлегенін хабарлаймыз, қызметті Астана және Алматы қалаларының, облыстық маңызы бар аудандардың және қалалардың жергілікті атқарушы органдары, оның ішінде облыстардың Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік

бағдарламалар басқармалары мен Астана және Алматы қалаларының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары тегін көрсетеді.

5. Бұл қызметті пайдалану үшін не істеу керек?

Мемлекеттік қызметті пайдалану үшін жергілікті атқарушы органдарға (мекенжайларын және байланыс телефондарын қоса беріп отырмыз) не www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталына өтініш білдіру қажет.

Аталған мемлекеттік қызметті көрсетудің түпкі мақсаты – өтініш білдірген тұлғалардың жұмысқа орналасуы.

Бұл ақпарат сізге пайдалы болады және БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарыңыздың өсуіне, оның ішінде жұмысқа орналасу арқылы өсуіне, осыған орай сіздің БЖЗҚ-дан алатын болашақ зейнетақыңыздың мөлшерінің ұлғаюына көмегі тиеді деп үміттенеміз.

БЖЗҚ байланыс орталығы
14-18 (Қазақстан аумағында
қоңырау шалу тегін)
www.enpf.kz

● ТАҒЫЗЫМ

"..Туған жер, өскен ел, сағынған бауырлар, сыйласқан ағайын-туыстар сендерді қартайғанда бір көріп кету үшін, жасымның ұлғайғанына қарамастан орталарыңа келіп қалдым. Қыраулы қысқа қарамай, ұлы бабамыз Ыбырайдың 150 жылдық тойы себеп болды.

Дәм бұйырып, аруақ жебегеннің арқасында туған жердің топырағын басып тұрмын. Сіздер ойламаңыздар, шетте жүргендер елді де, жерді де сағынбайды деп. Қандай сағынамыз, аңсаймыз. Жердің де, судың да, құдықтың да, көлдің де аттарын имандай жат көрмеген жастарға ертедегідей етіп айтып отырамыз.

Бірақ амал жоқ, аумалы-төкпелі заман бәріне де көндіреді. Тек тілегіміз – халық тыныш болсын, аспан ашық болсын. Соғыс болмасын дейміз.

Ал енді Ыбырайдың атасы Балқожаның қандай болғаны туралы мына бір әңгімені айтайын.

Ұзын Қыпшақ Жаңбыршы ұлы Балғожа

ҚАҢАРМАН АҚЫН – АНА

Бүгін Қазақстанның Халық жазушысы Мәриям Хакімжанованың туғанына 110 жыл толды

би 1860 жылдың жазында дүниеден өткен дейді. Атасы қайтыс болғанда ұлы ағартушы Ыбырай 19 жаста екен. Елдің бас адамдары ақылдасып, Балғожаның жаназасына Үш болыс елдің бас адамдарын шақыртыпты. Оның бірі – бидің өз елі, екіншісі – қайын жұрты, үшіншісі – құдан даласы, арғынның ішіндегі таз руының атақтысы Жазы бидің елі. Ол кезде Жазы бидің елін басқаратын Шоқай би деген кісі екен. Шоқай би Балғожаның тұстасы болғанымен, жасы сексенге келген қария болса керек. Балғожаның өсімі тұсында Шоқай би Мекке-Мәдинеге қажылыққа кеткен екен дейді.

Балғожаның өлімін Шоқай би қажылықтан келген соң естиді. Қатты қайғырып күйінді: "Балғожадай қазақ екі тумайды." Оның жаратылысы ерекше жан еді. Оның білімділігі, парасаттылығы, әділдігі, кішіпейілділігі, қайырымдылығы, орыс-қазаққа беделді сирек кездесетін қасиет. Қолда бар алтынның қадірі жоқ деген ғой. Марқұм мені аға тұтып, алдымнан өтпеуші еді. Кездескенде атымды ұстай, аттанарда қолтығымнан сүйеп аттандырып еді қарағым. Енді ондай бекзатты қайдан табарсың? Қайран сабаз ерте кетті" – деп өкініпті дейді. Шоқай би өзінің жолдас-жораларын жинап, ақылдасып, Балғожаның орнына барып дұға оқыту үшін арнайы түрде сауын айтып елші жіберіпті.

Шоқай бидің келетінін естіген қыпшақтар, елін жаңа жайлауға қондырып, қонақтарға деп бірнеше үй тіккізіп, қарсы алыпты. Шоқай бидің алдынан шығып, атын Ыбырай ұстай, аттан түсіргенде, "Асылымның көзі, алтынымның сынығы", – деп Ыбырайды айқара құшақтап, бауырына басып егіліпті. Ыбырай да жетім қалған баладай өксігін баса алмай, булығып еңірепті. Қаумалап тұрған игі-жақсылар да көздерінен жас алып, тоқтау айтады.

Келген қонақтары Балғожаның он екі қанат қарамен тұлдап тастаған ақ ордасына кіргізеді. Молда құран оқып, дұға етеді.

Шоқай би көз жасын шайып, белбеуін, желеңін, жалбағайын шешіп, жайғасқан соң:

– Иә, қандас бауырларым, сүйектес жұрағатым. Балғожадай асыл жанның өлімі арғын-қыпшақтың қабырғасын қау-сытып, белін бүктіріп, басын төмен идіріп кетті-ау. Амал қанша, Алла тағаланың өміріне адам қарсы тұра алмайды.

Орны толмайтын, өмірде ұмыт болмайтын қаза. Тек арты қайырлы болып, жаса-

Көзкөргендер Мәриям апамыздың ұлт поэзиясына қосқан жауһар жырларын ғана емес, ісі қазақ баласына көрсеткен қамқорлығы мен жасаған жақсылықтарын аңыз ғып айтып, небір естеліктерге арқау еткен. "Мәриямның кішкене аласа үйінен дәм татпаған, шабыт алмаған, оған өзінің мархабатты анасындай көріп өркелемеген қазіргі орта буындағы ақын-жазушылар кем болар-ау." – деген Сырбай Мәуленов. "Қайғырдың – саспадың, қуандың – таспадың. Қызғана білмедің, қызығын басқаның. Шықпаса бүгінгі бастаған дастаның, Күні ертең тағы да қайтадан бастадың. Бал салған арадай түзеттің ұяңды. Қай Ана өзіндей тәтті бал жия алды?! Мен бүгін мақта-ныш етемін, Мәкетай, ой тапқыш қаламмен, күй тартқыш сияңды." – деп сөз кестелеген Әбділда Тәжібаев. Тіпті басқасын былай қойғанда, Мәриям апамыз аласапыран жылдары түн баласына шанамен "халық жаулары" Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлиннің үйіне отын (сексеуіл) тасығанынан-ақ қандай тұлға болғанын аңғарасыз.

Мәриям әжеміз 1991 жылы 85 жасында өзінің туған топырағына, Қостанайға ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсариннің 150 жылдық торқалы тойына келіп қатысқан екен. Сол кезден жүрекжарды әрі сырлы да мазмұнды бір сұқбатының таспадан түсірілген жазбасы сақталыпты. Соны "Қостанай таңына" ақынның туысы Аманжол Ахметов мерейкүн қарсаңында маған әкеліп көрсеткен еді. Ақиық апамыздың жүректен қозғап, көңілден тербеп айтқан әңгімесін сол күйінде назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Бас редактор.



маған жасын Ыбырайжанға берсін. Аздан кейін Шоқай би басын көтеріп: "Шырағым Ыбырай, бізге деген қонақасыңды шағындай жасат. Балғожаның азасына қысырақтың үйірін айдап келе жатыр. Оның ішінде батаға деген екі ту бие бар. Айдаушыға тапсырған едім, күн ыстық, семіз биелер барлығып қалмасын, қатты жүрмеңдер деп. Кешкі салқынмен келіп қалар. Аман келсе батаға деген екі биені бүгін таң асырып қойыңдар. Ертең күн қызбай тұрып дұға оқып, аруаққа бағыштап бауыздармыз. Осы көлдің басындағы елге хабар айтып, асқа шақырт. Биенің біреуін қырқына соярысыңдар. Екінші айтарым, үш ат жеккен орыстың көк арбасы келеді, ол арбаның әрқайсысында жылқының терісінен жасалған екі саба қымыз бар. Сол қымыздар жылып кетпес үшін екі жерден тереңдеу етіп, көлге жақындау маңнан орын қаз-

дырып дайындағандарың жөн болар. Әзірге айтарым осы, қалғанын бұйырса, ертең халық алдында айтармын, депті.

Ертеңіне түс ауа шақырылған қонақтардың алды келе бастады. Әр ауылдың басшылары молдаларын, ишандарын, қажыларын ала келіпті. Жұрттың бас-аяғы жиналғаннан кейін, сапқа тұрып намаз оқиды. Намаздан кейін Ишан Хазірет Балжекеңе арнайы аударып келген құранын бағыштайды.

Астан кейін далаға кілем, текемет, алашалар төселіп, жиналғандар салқын самалға шығып жайғасады. Шоқай би Ыбырайды қасына отырғызып алады да:

– Е, халайық. Жасым сексеннен асып барады. Жазы бидің тұқымы мен Жаңбыршының тұқымы жеті атамыздан бері құдай қосқан құдамыз, доспыз, сыйласпыз. Өлімнің жолы жасқа қарағанда менікі еді,

М.ХАКІМЖАНҚЫЗЫ

ЫБЫРАЙ АТА

Қайран бабам, көрген жоқпын жүзіңді
Бес жасымнан жаттап өстім жырыңды.
Он жасымда өлең өрдім тапқақтап,
Ойламаппын басамын деп ізінді.

Ойламаппын ақын болып өсем деп,
Ойламаппын жыр ескегін өсем деп.
Талқысында тағдырдың көп таландым,
Өмірде кеткен өкініште өсем көп...

Жараланды жастай менің талантым,
Қатал тағдыр қырқып қойды қанатын.
Жиырма жыл жарық күнді көре алмай,
Аһ, ұрғанда аш өзегім талатын.

Сонда маған демеу болған аруағың,
Аруағыңа арманымды жалғадым.
Қиналғанда, қысылғанда түсіндім
Сенің асыл сөздеріңнің салмағын.

"Жоқ болсаңда қолыңды жайма сұранып,
Аш болсаңда мұңыңды айтпа жыланым.
Қайратыңды қара тасқа жанып ап,
Еңбекке кір, екі жеңді сыбанып".

Деген сөзің оқтай тиді жоқтыққа,
Жеткізді еңбек барлыққа да тоқтыққа.
Ұлы-қызым бірге ұмтылды өзіммен,
Ұлы еңбектің қасиетін ұқтықта.

Жетімдікке, жесірлікке бағынбай,
Жалған сөйлеп, жалпылдамай, жағынбай,

Сексен бестің сырын шертіп отырмын,
Тасты теуіп, таудан аққан ағындай.

Өзің туып, өзің өскен өлің бар,
Кіндік кесіп, кірдің жуған жерің бар.
Он миллион қазақ деген халқың бар,
Өзгермейтін едет-ғұрып салтың бар.

Алдын болжап айтып кеткен көреген,
Ескірген жоқ сенің үлгі-өнеген.
Жаппай оқып ұл-қыздары қазақтың
Туған елін, өнерлі елге теңеген.

Бір перзентің ұшты бүгін ғарышқа,
Тәуекел деп түсті ұлы жарысқа.
Азаматтың ар-намысын оятты,
Деген сөзің "қатарыңнан қалыспа!"

Деген сөзің "алға ұмтыл, талаптан,
Оқы, үйрен өнерлі елден, қанаттан.
Ерінбесең, еңбектесең, жас ұлан,
Құтқарасың халқыңды азаптан."

Деген сөзің орындалып келеді,
Ұға білген жан қанатын көреді.
"Оқу – білім, өнер – өмір кілті" деп,
Айтқаныңа енді қазақ көнеді...

Ұлы ұстаз, тұңғыш ғалым, ұлы адам,
Жүз елу жыл өтсе дағы арадан,
Туған халқың ұмытпайды ұрпағын,
Сенің атың өшпес-емес санадан!

04.X.1991ж.

амал қанша, менен бұрын Балғожаны алып кетті. Ол әлде болса қырық жыл ел басқаратын данышпан азамат еді. Сол Балғожаның аруағына, қара шаңырағына, кейінгі ұрпақтарына арнау деген өсиет сөзім бар еді. Соны баяндауға рұхсат етіңіздер, – депті.

Балғожа қыран ұшты ма,
Қол жетпейтін қияға,
Қайта айналып оралмас,
Туып-өскен ұяға...

Балғожадай бағланды
Өлімге халқы қияр ма?

Егер адам өлмесе,
Бұл дүниеге сия ма?

Ешкім қалмас мәңгілік
Фәни жалған дүнияда...

Ойлан-ойлан, Ыбырайжан,
Көздің жасын бұлама,

Аққуың ұшты көліңнен,
Ардағым кетті елінен.

Қарағым Ыбырай, сөз тыңда
Шоқай келді елінен,

Сексендегі қартың да,
Өсиет сөзді тыңдап ал.

Айта жүр қалсаң артыңда.
Екі оқты ұлан көтереді,

Тисе де қабат ыңқ етпей.
Бір оқты құлан көтерер,

Ақса да қаны дірдектей.
Тұлпардан қалса бір тұяқ,

Тұлпар боп ақыры жетілер.
Арыстанның белгісі,

Артына қарап ақырмайды.
Нар түйенің белгісі,

Қабырғасын сөгіп, бүйрегін алсаң,
Бақырмайды деп еді,

Нағыз туған асылдар,
Қандай қасірет көрсе де,

Назаланып аһ ұрмайды деп еді,
Ну қарағай құласа,

Түбінде қалған шыршасы,
Бұтаға өсіп бүрленіп,

Жапырағы өсіп гүлденіп
Көркеймей қоймас деп еді.

Айдын көл, шалқар суалса,
Айдыны құрып қуарса,

Теңіз болып жарқырап.
Аспандай ұшқан аққу мен қаз.

Қонақтап өтпес деменіз,
Ақ тұлпар орға жығылса,

Желіде қалған құлыннан,
Құнан, дөнен болғанда,

Иесі мінбес деменіз.
Ақ сұңқар торға ілінсе,

Ұяда қалған балапан,
Темір қанат болғанда,

Қаз-үйрек ілмес деменіз.
Айға шауып оқыстан,

Артқы аяғы мерт болса,
Артында қалған баласы,

Арыстандық етпес деменіз.
Ел үшін туған ерлердің,

Артында қалған ұрпағы
Ел қамын жемес деменіз.

Дүниеден өткен жақсының,
Артында қалса жас ұлан,

Атаның салған жолымен,
Ел басқармас деменіз.

Ыбырай балам, осы айтқан
Көңілім өсиет сөзімді

Жадыға сақта, қарағым!
Шапағаты тисін өзіңе,

Атаңнан қалған мұраның,
Қабыл болсын аруаққа,

Оқытқан намаз құраның.
Аллаһ әкпар!

Бидің сөзі тоқтай бергенде, қасында отырған Ыбырай, орнынан ұшып тұрып, бидің алдына жүресінен отыра қалып былай депті:

– Атамнан қалған елеулі екі белгі бар еді. Кім киіп, кім мінер, кімге берсем лайықты болар деп ойлаушы едім. Атамның әрі ағасы, әрі досы сізге тартуға рұқсат етіңіз, – депті де іші бұлғын терісі, тысы қара құлын терісі, тайжақы ішікті Шоқай бидің иығына жауыпты. Балғожаның көк жорғасын ер-тұрманымен бидің алдына кері тартыпты.

Сонда Шоқай би: – Ыбырай, шырағым, сыйлығыңды қабыл алдым.

Атаның ер тұрманын өзің мін, сыншылар бабаңның айбыны ерінің алдыңғы қасында, деуші еді. Халық алдында мерейің жоғары болсын, – деп ер-тұрманды Ыбырайдың өзіне беріпті дейді.

Мен бұл аңызды 1947 жылы Нұржан Наушабаев ақынның шәкірті, торы қыпшақ Еснейдің Жүнісі деген кісінің дәптерінен жазып алдым. Сол сапарда Қостанайда тұратын татар әйелі бар, Дегембай деген қарияның домбырамен айтқанын да тыңдадым", – деп аяқтапты М.Хакімжанова.

Қазіргі қоғамдағы түйткілді мәселелердің бірі – ажырасу болып отыр. Қайда барсақ та, кімді көрсек те “кеше ғана үйленіп еді ғой, бір жылға жетпей жатып ажырасып кетіпті”, “қазір кім ажыраспай жатыр дейсің?...”, “пәленшенің қызы үйге қайтып келіпті, түгеншенің келіні кетіп қалыпты” деген сияқты сөздерді жиі еститін болдық. Ең қорқыныштысы, ажырасу санының жыл сайын көбейіп келе жатқандығы. Неліктен қоғамда отбасы құндылығы төмендеп кетті? “Қостанай таңының” дөңгелек үстелі басында біз осы мәселелерді талқылаған едік. Үстел басына жиналған ақ жаулықты ананың да, заңгердің де, дін қызметкері мен қоғам қайраткерінің де өз айтар ойы, өмірден түйгені бар. Осы тақырыпқа жыр жолдарын арнағандар да болды. Сонымен, қонақтарымызды таныстырып өтер болсақ, жеті баланың анасы, алты келін түсіріп, немере-шөбере тәрбиелеп отырған әже – Күлдірайхан Бижан, облыстық Аналар клубы төрайымының орынбасары, көп балалы ана – Ақжан Алтыбаева, облыстық Марал ишан мешітінің наиб имамы Дархан Сыздықов, Қостанай қалалық сотының бас маманы Зәуре Әбішева және бүркеншек атпен келген қоғам қайраткері.



Ойран болған отбасылардың обалы кімге?

Бұл мәселе “Қостанай таңының” кезекті дөңгелек үстелі басындағы әңгімеге арқау болды.

Статистиканы сөйлетсек...

Қоғамды жайлаған ажырасу дерті соңғы жылдары елімізде тамырын тереңге жайып келеді. Бүгінгі статистика деректері бойынша еліміздегі әр үшінші отбасының шаңырағы шайқалғалы тұр. Мәселен, бір жылда жүз мыңға жуық неке тіркелсе, соның тең жарымына жуығы бұзылып үлгереді екен. Ең қорқыныштысы, ажырасудың көрсеткіші жыл өткен сайын жаңарып келеді. Ал, оның артында қаншама тағдыр, қаншама отбасы мәселесі тұр. Жетім бала, жесір әйел, жалғызбасты әке, немересін бір көруге зар болған ата-әже...

Зәуре Әбішева, Қостанай қалалық сотының бас маманы:

Бүгінгі статистикаға жүгінсек, мәселен Қостанай қалалық сотына 2015 жылы ажырасу туралы барлығы 1167 талап арыз түсті. Соның ішінде 837-сі соттың шешімі бойынша нақты ажырасқандар. Қалғандары өзара бітімгершілікке келгендер, не болмаса сотты аяқсыз қалдырып кеткендер. Ал биылғы жылдың жарты жылында небәрі 560 жұптан талап-арыз түссе, соның 381-і ажырастырылды. Салыстырып қарасақ, көбейгендігін байқауға болады. Өкінішке қарай, қазір неке бұзу деген талап коммуналдық қызметке өтініш жазған сияқты көбейіп барады. Неге

десеңіз, бұрын ерлі-зайыптылар ажырасу үшін соттың алдына келгенде сот олардан не себепті ажырасайын деп жатқандығын, оның себеп-салдарын егжей-тегжейлі сұрайтын. Сөйтіп, сот ең алдымен талап берушіден, екіншіден жауапкерден жауап алып, үш ай ойлануға уақыт беретін. Ал қазір сот мәселенің себебі мен анық-қанығын да сұрамайды. Бірден ажырасып кетіп жатқандар санының көбеюінің себебі де осы. Ажырасушылардың дені жастар. Арасында ата сақалы аузына түскен үлкен кісілер де кездесіп жатады. Сондай кісілерді көргенде таң қаламыз, әрине. Өзім бүгінде қалалық соттағы оқу орталығының бас маманымын, ал бұрын сот мәжілістеріне қатысатын хатшы қызметін атқарған едім. Сол кездері осындай сот процестеріне қатысқанда жасы жетпісті алқымдап қалған кісілерді көргенде қатты таң қалатынмын. Мен үшін ол ұят, ерсі саналатын. Осы жерде айта кетейін, Ұлыбританияда арнайы институт бар екен. Солардың зерттеулері бойынша, дүниежүзінде ең мықты отбасылар ата-аналары таныстыру арқылы қосылған отбасылар болып табылады екен. Мұндай отбасылардың ажырасуы да сирек кезде-

сетін көрінеді. Негізінде атастыру салты біздің қазақтарда да бар, осы салтты бүгінде неге қайта жаңғыртпасақ?

Өмірдің өзінен

Кейіпкер:

Өзім отбасында тоғызыншы баламын, үйдің кенжесімін. Мен де бір рет үйленіп, енемнің арам-ызға түсуінің кесірінен ақыры ажырасып тындық. Үнемі бізден қаржы дәмепіп тұратын, реті келіп жатса қызы да қолын қаққан жоқ. Бірақ, бұл әдеті үдей бергені сондай, баламыз өмірге келгеннен кейін енем бала туғанда берілетін жәрдемақыны сұрады бізден. Даудың басы содан басталды. Сол келіспеушілікті пайдаланған енем “кешке қызымды алып кетемін” деді. Мен әйелім екеуіміздің арамызда ешқандай түсінбеушілік, не реніш болмаған соң, әрине, оған сендім. Кешке үйге келсем, әйелім жоқ, енем алып кетіпті. Содан көп ұзамай, әйелім маған алимент төлеттіру үшін сотқа жүгініпті, маған соттан қағаз келді. Мен, ең алдымен, медиация, яғни бітімгершілік жолмен шешкім келген еді, себебі, әйеліммен ажырасу ойымда болған жоқ. Алдымен, онымен сөйлесіп алып, мән-жайды білгім келді. Әйелім телефон тұтқасын алмайды, содан жаныма беделді кісілерді ертіп алып, енемнің үйіне бардым. Бар ойым әйеліммен бетпе-бет тілдесу еді. Ал, енем “мазамызды алдың” деп, менің үстімнен арыз да жазып жіберді. Олар мені екі рет сотқа берді, мен де екі рет қайтарып тастадым. Сотқа береді, бірақ өздері сотқа келмейді. Осылай мен тоғыз айдай сабылдым, бар мүмкіндікті пайдаландым. Ең соңғы сотта мен өзім ажырасу туралы шешімге қол қойдым, сол ажырасқаннан кейін келін-



шегім “бәрі менің кінәм, жаздым, жаңылдым” деп қайтып келді. Алимент төленбейтін болған соң әрі алған несиелерінің өсімі көбейіп кетіп, келіншегім менімен қосылуды жөн көріпті. Содан бәрін ұмытуға тырысып, біз қайта

қағазды бухгалтерияға жібердім. Ондағылар “біз сенің еңбекақыңды қорғап отырған адамдармыз, мұндай кез келген қаулыға жібере салмаймыз” деді. Сөйтіп жүргенде сегіз айдан астам уақыт өтті. Сегіз айдан кейін прокуратурадан менің екі жыл бойы алимент төлемегенім үшін 1 млн 460 теңге қарыз болып қалғанымды растайтын құжат келді. Бұл жерде сот орындаушыларының кінәсі, олар алдындағы күшін жойған арыз бойынша есептеп жіберген. Екінші соттың шешімін алып барып, дәлелдеп, қарыз көлемін 437 мыңға төмендеттім. Кейін алиментті 1млн 300 мыңға асыра төлегенімді білдім.



Заман дамыды деп бұрынғы салтымызды ұмыттық. Жеңгелер өз міндетін ұмытты. Ол – бекершілік.

бірге тұра бастадық. Көп ұзамай тоғыз айдан кейін енем тағы жетіп келді. “Әке-шешенмен тұрмайсың, менің қолымда тұрасыңдар” деп талап қойды. Бұл енді шектен шығу әрине, қатты ренжігенім сондай әйелімді де, енемді де қуып шықты. Өйткені, одан артық олармен бірге тұратындай мүмкіндігім болмады. Бірнеше күннен кейін тағы да алиментті өндіріп алу туралы арыз келді. Бұл жолы қосылуға талпынысым болмаған соң, мен бұл

**Анасына қарап,
қызын ал**

деген мақалдың астарын түсінбей келеміз

**Күлдірайхан БИЖАН,
ақ жаулықты ана:**

Қазір туыстардың себебінен ажырасып жатқан жұбайлар аз

Зерттеу бойынша, атастырылып қосылған отбасылар сирек ажырасады екен.



емес. Соның ішінде, ене мен келін арасындағы түсініспеушіліктер жиі кездеседі. Ондай жағдайда “Не әке-шешеммен тұр, не бөлек шығамыз” деп күйеуіне талап қоятын келіндер де жоқ емес. Өз басым алты бірдей келінді қолыма түсірдім. Менің ұстанатын басты қағидам – барлық келін де келген жерінде кем дегенде екі-үш жыл ата-енеммен бірге тұруы тиіс. Бұл неге керек дерсіз, мұндағы менің саясатым келін жаңа туыс-туғанға сіңісіп, міндетті түрде ененің тәрбиесінен өтуі қажет. Келін болды ма, қыздың шешесі де ендігі тірлігіне араласпауға тырысу керек. Қазіргі заманда ұялы телефон деген бөлек болды. Кейбір келіндер отбасындағы ұсақ-түйектің бәрін шешесіне, апасына, анасына-мынасына жеткізіп отырады. Оның арты үлкен дауға ұласатынын ойлай бермейміз. Жалпы біз қыз баланы жат жұрттық болған соң, өзге отбасын құрметтеуге үйретіп өсіруіміз керек. Құрметтеу қолдан келмеді ме, тұрмысқа шықпа. Егер адамда сана-сезім болмаса, ғашықтық деген жәй сөз. Қазіргі жігіттерге айтарым, “анасын көріп – қызын ал” деген сөздің астарына терең үңіліп, соған қатты мән берген дұрыс.

Ер адам өз отбасы алдындағы міндетін толық атқарып, қорған болғанда ғана отбасы берік болады.

Кейіпкер:

Рас, өз басым осы мақалаға бұрындары мән бермейтінмін. Шындығында, дәл осы мақалдың қаншалықты маңызды екенін басыма тигенде бір-ақ түсіндім.

Күлдірайхан ана:

Өзімде жеті бала. Үлкені қыз, алтауы ұл. Алты ұлды өсіріп, алты келін түсірдім, қыз да ұзаттым. Алты ұл күні ертең бір-бір ел болады. Олар – бауыр. Бір-бірімен араласуы да осы келіндерге де байланысты. Сол себепті мен алты келінді дұрыс-дұрыс жерден таңдап алдым. Міне, аналар осыған мән берулері керек. Заман дамыды деп бұрынғы салтымызды ұмыттық. Жеңгелер де өз міндетін ұмытты. Ол – бекершілік. Бұрындары жақсы жермен құда болуға тырысқан.

Мен ешқашан бала еркелеткен емеспін. Ерке бала – жыңды бала. Өзім шешемнен жалғыз қызбын. Жалғыз болсам да, ерке болмадым. Қыздарыма айтарым, күйеуді ұстау үшін де ақыл керек. Балаларым үйленерде қалыңдықтарын алдымен өзім көріп алдым. Кенже балам үйленерде мынадай жағдай болды. Кенженің аты – кенже. Оған артылар жүк те ауыр. Оның келіншегі бізді бағуы керек. Оның сыртында қара шаңырақ болған соң үйге бәрі келеді. Бір күні балам үйленетінін айтты. Қыз біреудің жалғыз қызы екен. Содан біреудің мәпелеген жалғызы бізді баға ма, қалай болады деген ойға баттым. Содан балама кездесіп жүрген адамыңды үйге алып кел дедім. Көзіммен көріп, танысуым керек. Сөзімді тыңдап үйге қалыңдығын әкелді, таныстық. Бірден ашып айттым, ертең кәрі ата-ененді бағасың ба, немере-шөберелер келеді, соның

бәрін көтересің бе деп. Ол өзі ата-әже тәрбиесін көрген, тәрбиелі бала екен. Шүкір, қазір солардың қызығын көріп отырмыз. Әркімнің тілеуіне береді дейді ғой қазақ. Менің ниетіме қарай әр келінім өзім ойлағандай тәрбиелі, ибалы болып кездесті. Енеге де көп нәрсе байланысты.

Гендерлік саясат – бақ па, сор ма?

Қазіргі заманда әйелдердің тым еркін сезініп, өзін еркекпен тең ұстауы мүмкін гендерлік саясаттың да әсері шығар. Себебі, бүгінде отбасының тірлігін ұмытып, жұмысбасты болып жүрген әйелдер де аз емес арамызда. Әрине, бала тәрбиесі, үй шаруасы жайына қалған соң бұл күйеуінің де наразылығын тудыруы әбден мүмкін. Ал, мұндай түсініспеушіліктердің де соңы ажырасуға алып келіп жатады...



да, мен енемнің қолында тұрудан қашпадым. Аядай екі бөлмелі үйде қалған бауырларын өсіріп, соларды оқытып, ағасын үйлендіріп, сондай тату отбасы болдық. Алланың бізге деген сыйы шығар, үш жылдан кейін балалы болдық. Одан кейін көп ұзамай қызымыз дүниеге келді. Үшіншіміз құрбан айтта өмірге келді. Үш баладан соң қатты ауырып, ота да жасаттым. Дәрігерлер денсаулығымға күтім керектігін ескертті. Осылайша, біз үш баланы қанағат еттік. Бірақ, Алланың көңдігі шығар, уақыт өте келе егіз баланы өмірге әкелдім. Отбасындағы келіндік тәрбиені маған енем берді деп айта аламын. Ол кісіге басымды иемін, өзі 5 баланы тәрбиеледі. Менің бірде бір жұмыстан қалмауыма жағдай жасады. Бүгінде енем сол төрт баланың қызығын көріп отыр.

Зәуре:

Мен де үйдің кенжесімін, 4 ағам, 5 апам бар. Өте еркелетіп өсірді, ауылда тұрсам да сиыр сауып, сүт тартуды білмедім. Нағыз қаймағы бұзылмаған Торғай еліне келін болып түстім. Сол кезде әкемнің “ақырын жүріп, анық бас” деген сөзі мен үшін үлкен сабақ болды. Ал, анам “өзің таңдап, өзің тидің, үйдегі еркеліктеріңді тастап, сол үйдің ережесімен өмір сүресің”

Баяғыда бір әйел енесінің үстінен шағым жасап ғұламаға барыпты. Әлгі ғұлама әйелдің қолына бір құтты ұстаптып тұрып: “Бұл – у. Енеңнің тамағына аз-аздан қосып беріп отыр. Арада біраз уақыт өткен соң енең қайтыс болады. Бірақ енеңді сен өлтіргеніңді білмес үшін, саған күдік түспес үшін, ай бойы оған өте жақсы қара”, – депті. Әйел ғұламаның барлық айтқанын істейді. Тамағына у қосып жүргенімен, енесінің асты-үстіне түсіп, өте жақсы күтім көрсетеді. Арада ай толмай, көз жасы көл болған әйел ғұламаға келіп: “Менің енем жақсы адам екен. Оған сыйластық танытып едім, мені қатты жақсы көріп кетті. Енді оның өлгенін қаламаймын”, – дейді жылап тұрып. Сонда ғұлама: “Менің саған бергенім у емес, жай су болатын. Енді ол кісіні ренжітпе”, – деп өсиетін айтып шығарып салыпты.

Ақжан:

Ол рас, қазір заман ағымына қарай әйелдерге бүкіл билікті бердік, мүмкін осы себеп шығар. Бірақ, ол әр әйелдің өз санасына байланысты дер едім. Мысалы, мен 12 баланың кенжесімін. Ешкім бетімнен қақпай, ерке өстім. Бірақ, сол еркелігімнің бәрін тұрмысқа шыққанда ұмыттым. Жұбайым Ербол екеуміз отасқан соң үш жыл бір перзентке зар бол-

деді. Мәселе, гендерлік саясатта емес, ақылды әйел отбасын да, жұмысын да бірге алып жүруге тиісті.



Шариғатта 3 нәрседе қалжың жоқ: үйленуде, құл босатуда және талақта.

дық. Талай күндер мен түндерді жылаумен өткізсем де, бәріне шыдадық. Соған қарамастан бізде ажырасу деген ой мүлде болған емес. Жолдасымның әкесі 49 жасында өмірден өтіп, анасы 4 баламен жалғыз қалған. Мен келгенде Ербол ғана жұмыс істейді, біз анасымен бірге тұрдық. Қалада өзімнің жеке үйім болса

Ажырасуға шариғат та қарсы

Дархан Сыздықов:

Исламның көзқарасында отбасы ажырасып кететін болса, ер адам әйелінің міндетінен ажыратылады. Ал енді балаға байланысты болатын болса, әке балаға қамқоршы болып қала береді. Әр адамның өз жағдайына

Тәркініме келдім кеше қыдырып, Біраз тұрдым кіруге сәл кідіріп. Тұруыма себеп болған құбылыс Анам жүр ғой есік алдын сытырып.

Көріп мұны мен расында таңдандым Қолғабыс қып кеше келін алған кім? Ашу келді тұрып-тұрып сол жерде, Ақ келіні ояныпты анамның.

Шықты әне, күйеу болған баласы, Ұйқылары қанбаған ғой шамасы. Бір апта да болмады ғой үйленіп, өзі сондай әйел жанды қарашы.

«Оятасаңшы» деді анам келінді, «Ұйқышыл келін» – деген атқа ілінді. Керіліп тұрған баласынан кетті рең, Осы аты бұза ма деп сыныңды.

Өз үйінде бөтен болған ананың Маңдайдағы әжіміне қарадым, Балалығым бір сәт түсіп есіме Ақ шаштарын жылап тұрып санадым.

Анам шықты жас баладай жалтақтап, Келін келді ас үйінен балпақтап. Білмегенсіп хал сұрастым бәрімен, Інім отыр келіншегін қолпаштап.

Күйіп-күйіп тамағымнан өтті шәй, Жиналдым ғой қайтуға үйге жай. Ұрысса да, сыйласа да жақпайтын, Ене болу қиын қандай, шіркін-ай...

Енемді көрдім дағы жыладым, Құшақтап ап кешірімін сұрадым, Түсінбестен аң-таң болып тұр маған Қоюға да ыңғай таппай сұрағым.

Кешегіден өзім қатты өзгердім, Жер дөңгелек мұны алдын сезгенмін, Ене емес, ана маған енді енем, қарсы сөйлеу ісінен де безгенмін.

Келіндерге ақыл берші, бір Алла, Алда қарттық күтіп отыр, абайла. Не істесең, сол алдыңа келеді, Ене болу жолы саған тұр алда.

байланысты шариғатта ата-ана не ішсе, соны балаға беруі керек. Шариғат бойынша, ажырасу мәселесіне келгенде ер адамның құқығына берілген ажырасу “талақ” деп айтылады. Ал, әйел адам өзі ешқашан ажырастым деп айта алмайды. Шариғатта 3 нәрседе қалжың жоқ: үйленуде, құл босатуда және осы талақта. Қазіргі кезде сенің жағың, менің жағым дейтін болмашы нәрсеге ұрыс шығаратын жағдай өте көп. Ондайда ата-ана да жастарға кедергі етеді. Жалпы, шариғатта әйел адамның ата-анасы болсын, ер адамның болсын, екеуінің де дәрежесі тең. Мұны ер де, әйел де түсіну керек. Туыс-туған екіге бөлінбейді, бәріне ортақ екенін жастар үйленіп, үй болған соң түсіністікпен қараған жөн.

Кейіпкер:

Дін тұрғысынан келгенде әйелдің ажырасуға құқығы жоқ деп жатамыз. Меніңше, неке қидыру, мешітке бару тек салтанатты көрініс беріп тұратын жәй дүние сияқты. Мүмкін осы мешітке барғанда екі жасқа да оларға некенің міндеттерін түсіндірген дұрыс болар. Олар ертеңгі күні заң алдында ажырасып жатса да, Алланың үйінде некесін қидырғанын ұмытпаулары керек. Иә, қазір АХАЖ-ға интернетпен өтініш беріп те некеге тіркеле береді. Осы жағдайға да бір қатаңдық керек сияқты.

Көкейді тескен алимент


Балаға әке бола ма?

Кейіпкер:

Әрине, көпке топырақ шашудан аулақпын, дегенмен қазір көп жағдайда кейбір әйелдердің алимент үшін ажырасатындығы жанға батады. Ал, ажырасу, алимент өндіру туралы заңда еркектің құқы көп шектеледі. Тіпті, қорғалмаған десе де болады. Бұл қоғамдағы әкелердің беделінің төмендеуіне әкеп соқтырған кері құбылыс. Әрі қазір жиілеп кеткен ажырасуға тек отбасылық кикілжің ғана емес, алимент те бір себеп деп айта алар едім. Өйткені, алименттің ажырасуға ынталандыратын жері көп. Мысалы, өзім білетін бір азамат бар. Белгілі кәсіпкер. Бір әулеттің капиталы соның атында. Сол жігіт үйленді, үш балалы болды. Кенеттен келіншегі дәм-тұзы жараспайтынын айтып, ажырасуға арыз берді. Мүлік туралы дауда сот әлгі жігіттің барлық дәулетінің тең жартысын келіншегіне тиесілі деп шешім шығарған. Бұл әділдік пе? Аяқ астынан мол қаржыға ие болған жас әйел енді қайтып отбасы құндылығын бағаламақ?

Ақжан:

Қазір көп әкелер де алимент төлеуден қашып жүр. Кейбір ер кісілер жалақысын аз қылып көрсетіп, туған баласына алиментті 1000-5000 теңге көлемінде ғана береді, ал өздері “джип” мініп, тайрандағандарына мәз. Бұл – мәселенің екінші жағы екенін де ұмытпауымыз керек.



Заң еркектің де мүддесін ұмытпаса екен.

Кейіпкер:

Біздегі заң тек әйелдердің ғана құқығын қорғайтын сияқты. Мәселен, мен әйелімді ұрып-соққан емеспін, ол өз еркімен отбасын бұзды. Соның кесірінен менің балам әкесіз өсіп жатыр. Егер заң бойынша ер адамның табысына қарамай, белгілі бір нақты соманы, мысалы ай сайын жиырма мың төлейтін болса, ол әйел пайданы көздеп, ажыраспас еді.

Дархан:

Шариғат бойынша ажырасқан кезде қыз бала әкесінің тәрбиесінде қалады. Себебі, әйел адам қыз балаға қамқор бола алмайды. Ойлап қарасаңыз, бұл жерде үлкен мән-мағына жатыр. Өйткені, қазіргі қоғамда өгей әкелерінен қорлық көрген қыз балалардың көбейіп бара жатқаны да жасырын емес. Ал, ер бала әйелге, соның ішінде нағашысы атасының тәрбиесіне беріледі.

Қарлығаш ОСПАНОВА.
Айтолқын АЙҚАДАМОВА.
Суреттерді түсірген А.ЖҮЗБАЙ.

● Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ ТУҒАНЫНА – 175 ЖЫЛ



Қазақ даласына шамшырақтай жағылып, өзгелерден дараланып шыққан дарынды тұлғалар жетерлік. Соның бірі — ағарту ісіне еңбек сіңіріп, өз артынан өшпес із қалдырған Ыбырай Алтынсарин атамыз. Биыл сол атамыздың туғанына 175 жыл толды. Қанша жыл өтсе де қажырлы еңбек етіп, елім деп өткен ерлердің аты да, заты да өшпейді. "Кел, балалар, оқылық, оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық" деп жырлаған Ыбырай атамыздың сөздері мектеп табалдырығын аттаған әр бүлдіршіннің ұраны іспеттес. Қасиетті Қостанай жерінде туып, өмірін білімге арнаған Ы.Алтынсарин — қазақ санасының шамшырағы, дархан дарын иесі.

Тарих шежіресінің жарқын беттерін мұрағат құжаттарынан да табуға болады. Онда жылдар ізі, ғасырлар таңбасы бейнеленген десек артық айтпаймыз. Қостанай облысының мемлекеттік мұрағатының мұрағатшыларының іссапарлары нәтижесінде Орталық мемлекеттік мұрағатынан табылған Ы.Алтынсаринге қатысты құжаттар "Қостанай қаласы тарихынан" құжаттар жинағына енді. 1889 жыл 17 шілдемен белгіленген құжатта Торғай облысы қырғыз мектептерінің инспекторы, статтық кеңесші Ыбырай (Ибрагим) Алтынсариннің қызметі туралы формулярлық тізімі берілген.

Енді сол формулярлық тізімді оқып көрелік: *Шені, аты-жөні, фамилиясы, қызметі, жасы, діні, озат белгілері және қаражаты.* Ал, берілген жауабы былай деп жазылған: Статтық кеңесші Ибрагим Алтынсаринович Алтынсарин, Торғай облысы қырғыз мектептерінің инспекторы, 53 жаста, діні ислам, мұсылман. Христиан дінін ұстанбағандарға берілетін екінші және үшінші дәрежелі әулие Анна және 2-3 дәрежелі әулие Станислав ордендерімен марапатталған. Жер меншігі бар ма? Жоқ.

Қайда тәрбиеленген және оқу орындарында толық курс аяқтаған ба; қызметке қашан орналасқан; қандай шенмен; қандай қызметте және бұрын қайда қызмет істеген; қызметте ерекше көзге түскен кездер болған ба; шеннен басқа айрықша марапаттауларға ие болған ба? Жауабы: 1858 жылы Орынбор қырғыздарының

облыстық басқармасымен құрылған қырғыз мектебі курсын аяқтаған. 1859 жылдың 1 тамызынан облыстық басқармаға тілмаш болып орналасты. 1860 жылы Орынбор және Самар генерал-губернаторы өкімімен Орынбор бекінісінде құрылған (Торғай) қырғыз мектебіне мұғалім және байқаушы болып орналасты. 1860 жылдың 20 шілдесінен аудармашы болды. Орынбор генерал-губернаторының рұқсатымен 1870-1871 жылдары Торғай уезі сотының қызметін атқарды. Сонымен қатар 1871-1874 жылдары Торғай уезі бастығының уақытша қызметін де атқарды. 1879 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Торғай облысындағы қырғыз мектептері инспекторының қызметін атқарушы, 1888 жылдың 28 қазанынан бастап инспектор қызметіне тағайындалды. 1889 жылдың 17 шілдесінде қайтыс болды. *Жаулардың жорығына қатысқан ба?* Жоқ.

Қашан және қанша уақыт демалыста болған, қызметке уақытында шыққан ба, қашан шыққан? Демалыста 1871 жылдың 1 маусымынан 1 тамыз айына дейін және 1876 жылы жалақысы сақталған 2 ай демалыста болды, қызметке уақытында оралған.

Бойдақ немесе үйленген бе, қашан және кімге, балалары бар ма, балаларының туған жылы мен айы, күні, діни ұстанымдары? Сырдария облысы, Перовск уезінде туған, есімі Айғаныс деген қызға үйленген. Ұлдары Ғабдолла 1880 жылы 15 қазанда, Абдрахман 1887 жылы 15 ақпанда, қызы Шариға 1889 жылы 5 ақпанда туған. Әйелі мен балалары мұсылман дінін ұстанған.

Ал, мына бір құжатта Торғай облысындағы қырғыз мектептерінің инспекторы Ы.Алтынсариннің Қостанайда орыс тұрғындарының балаларына арналған бір кластық ерлер училищесін ашылғаны туралы әскери генерал-губернаторға хабарламасының мәтіні былай берілген:

"Сізге, Жоғары мәртебелім, тамыз айының 21 жұлдызында Қостанайда орыс тұрғындарының балаларына арналған бір кластық ерлер училищесін ашқаным жайында хабарлаймын. Училище ашылғаннан кейін, келесі күні 57 оқушы оқуға келді"

— деп келе, соңынан инспектордың қ.о. Ы.Алтынсарин делінген.

Қанша жыл өтсе де, Ыбырай атамыздың жағып кеткен шырағы өшкен жоқ. Мұрағатта іріктелген құжаттарға сүйенетін болсақ 1961 жылы Қостанай қалалық еңбекші депутаттарының атқарушы комитеті Калинин (қазіргі Алтынсарин) көшесі бойындағы №39 кварталда орналасқан үйлерді бұзып, олардың орнына 520 оқушыға арналған Ы.Алтынсарин атындағы №1 мектеп интернатының оқу корпусін салу шешімін қабылдап, 1963 жылы бұл ғимарат қолдануға берілген екен.

Келесі, яғни 1964 жылдың 1 қаңтарынан облыстық атқарушы комитеттің №1208-р бұйрығымен Қостанай қаласының №1 мектеп-интернаты Қостанай облыстық атқарушы комитеттің қарауына өтеді.

1966 жылы Ы.Алтынсариннің 125 жылдық мерейтойына орай 1967 жылы №1 мектеп-интернаттың маңында қазақтың ұлы ағартушысына ескерткіш тұрғызу шешімі қабылданды. Қазіргі таңда ұлағатты тұлғаны ұлықтау жоғарғы деңгейде өтеді. Айтып кететін болсақ, "Ыбырай Алтынсариннің туғанына 150 жылдық мерейтойына дайындық және атап өту туралы" 1989 жылғы 22 желтоқсандағы №282 Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысында 1991 жылы Ы.Алтынсариннің туғанына 150 жылдық мерейтойына орай Қостанай қаласында "Ы.Алтынсариннің педагогикалық және әдеби мұрасы және қазіргі мектептердің мәселелері" деген тақырыпта ғылыми-практикалық конференция өткізуді ұйымдастыру; Жанкелдин ауданында Ы.Алтынсарин мұражайын ашу; жергілікті бюджеттен бөлінген қаражатқа Ы.Алтынсариннің мазарын жөндеу және тағы да басқа іс-шаралар өткізу туралы мәселелерді алға қойған.

Атамыздың өмірінің бір ұшын болса да айқындайтын құжаттардың тарих төрінде алатын орны зор. Ұрпағы ұлықтап өтер ұлағатты ұстазды мәңгі жадымызда сақтап, мақтан тұтамыз.

Әсемгүл
ҚАДЫРМАНОВА,
Қостанай облысының
мемлекеттік архивінің
археографы.



Есімдері кітапқа жазылды



Руслан
ӘЛКЕЕВ

Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен Қостанай облысының 80 жылдығына арналған Сарыкөл ауданының "Еңбек Даңқы" кітабын табыстау эстафетасы Тәгіл ауылдық округінде жалғасты.

Алдымен, шара барысында қазақ халқының дәстүрі – шашу пашылды. Аудан әкімі Эльдар Күзенбаев сөз алып, жүрекжарды лебізін жеткізді.

– Өңірдің ауылдарын ара-лап келе жатқан бұл кітапқа бүгінде осы ауылдың да тыл еңбеккерлері мен еңбек ардагерлерінің есімі еніп отыр. Баршаңызды осынау қуанышты сәт, тарихи оқиғамен құттықтаймын! – деді ол.

Сондай-ақ, Эльдар Қонысбайұлы аудан және Тәгіл ауылдық округінің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан қомақты үлесі үшін бір топ адамға құрмет грамотасы мен алғыс хаттар және естелік сыйлықтар табыс етті. Олардың қатарында еңбек ардагерлері – Кенжебай Сағаров, Геннадий Паркин, Қаду Сақауов, Бүркіт Досмағамбетов, Иван Охрименко, Нинель Рыбина, Иван Катищев, Мәлік Шектібаев, Бадина Баймағамбетова, Михаил Емельянов, Бөрібай Досмағамбетов және шаруа қожалығы бірлестігінің басшысы Баймырза Сатаев пен фельдшерлік-акушерлік пунктін меңгерушісі Рауиза Сейткужина болды.

Айтпақшы, өңір басшысы еңбек ардагерлері Кенжебай Сағаров пен Сапар Өтетілеуовқа шапан жауып, алғашқы тыңгер, көп балалы ана Нинель Рыбинаға қамзол кигізді.

Бұл күнгі жиында бұрынғы совхоз директоры Мінайдар Умаров, "Көтерме-бөлшек сауда" ЖШС директоры, облыстық мәслихат депутаты Айтжан Есенгелдинов және "Ұлттық инновациялық қор" АҚ басқармасының төрағасы Әуелбек Тоқжанов сөз алды.

Әсіресе, алыстан ат терлетіп келген құрметті қонақ Ә.Тоқжановтың ақтарыла айтқан ақжарма тілегі тәгілдіктерді бір тебіреңтті. Ол осы ауылдың мектебінен білім алғандығын, соның арқасында шетелдік оқу орындарын бітіргендігін, қазір биік дәрежеге жетіп отырғандығын ортаға салды. Соңалы мен Тәгіл орта мектептерінің кітапханасына белгілі жазушы Олжас Сүлейменовтің "Азия" және "Код слова" деген кітаптарын сыйға берді.

Шырайлы шараның сөнін аудан мен ауыл өнерпаздары аша түсті. Облыстық филармонияның әншісі Арыстан Құрманов құлақ құрышып қандыра өн шырқады. Жүрек қылын қоңыр үнімен шерте білген өнер иесіне тұрғындар төңті болып, қайта-қайта қол соқты.

Ал эстафетаның ең қызықты жері – Сарыкөл ауданының "Еңбек Даңқы" кітабын табыстау рәсімі болды. Оны Тәгіл ауылдық округінің әкімі Сағынбай Сүндеталин мен ардагерлер Кеңесінің төрайымы Майра Төлебаева Сарыкөл кентінің әкімі Сейтбек Қаппасов пен кенттің ардагерлер кеңесінің төрағасы Арғынғазы Шәріповке табыстады.

Сарыкөл ауданы.

СУРЕТТЕ: іс-шарадан көрініс.

Қостанай облыстық мәслихатының "Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы" шешімінің жобасы Қостанай облыстық мәслихатының <http://maslikhat.kz> ресми сайтында орналасқан.

Проект решения Костанайского областного маслихата "Об утверждении ставок платы за лесные пользования на участках государственного лесного фонда" размещен на официальном сайте Костанайского областного маслихата: <http://maslikhat.kz>.

● Ы.АЛТЫНСАРИН – 175 ЖЫЛ

"Шырағын жаққан білімнің"



Гүлназым САФИТОВА

Міне, осындай тақырыпта Қостанай қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің құрылымдық бөлімшесі №6 "Южный" кітапхана филиалында ұлы ұстаз Ы.Алтынсариннің туғанына 175 жыл толуына байланысты онлайн тәртібінде кеш болып өтті.

— Қарап отырсаңыз, біздің өңірімізден елімізге есімдері танымал небір Алаш тұлғалары, қайраткерлер, ақындар мен жазушылар, ғалымдар шыққанын білеміз. Қазақ халқының сондай абзал ұлдарының бірі — ағартушы, педагог, жазушы Ы.Алтынсарин атамыз. Біз кешімізді ақпараттық-медиа құралдарының көмегіне жүгініп, облысымыздағы Ы.Алтынсарин атындағы мемориалдық мұражайымен бірлесе Қостанай қаласындағы индустриалдық-педагогикалық колледж студенттерін, М.Хәкімжанова атындағы №20 орта мектебінің оқушыларын қатыстыра отырып өткіздік. Басты мақсатымыз — оқырмандарымызды ұстаз Ы.Алтынсариннің шығармашылығымен, өмір-тарихымен таныстыру. Еліміздің, мемлекетіміздің тарихында алтын әріппен жазылатын

осындай тұлғаларды тек туған, атаулы күндерінде ғана емес, былайғы күндерде де насихаттайтын кештер, кездесулер ұйым-



дастырсақ артық болмайды. Олардың өмірлері мен шығармалары келешек ұрпаққа үлгі, өнеге. Ұстаздың қай әңгімесін алмайық, барлығы да еңбекке, адамгершілік қасиеттерге, білім алуға үндейді, — деді кітапхана маманы Гүлнәр Қатова.

Іс-шара барысында кітапханашы мамандар Ы.Алтынсариннің балалық шағы, Балғожа би туралы, қазақ балаларына мектеп ашу, оқулық жазғаны жайлы деректер, суреттер келтіре отырып баяндап, медиа құралдары арқылы бейнекөріністер көрсетті. Бүгінгі таңда оқырмандарға құлаш-құлаш баяндамалар оқудан гөрі, кітапхана ісіне қазіргі заманның осы тұрғыдағы құрал-жаб-

дықтарын қолдану арқылы жаңаша кеш өткізу әлдеқайда тиімді, ұғынықты секілді, оқырмандар да тақырыпты тануға, назар аударып қызығушылық танытады деп ойлаймыз.

— Ұлы ағартушы Ы. Алтынсариннің білім саласындағы еңбегі орасан зор. Мәселен, өткен ғасырда жастарымызға экономика, ауылшаруашылығы, қол өнері секілді кәсіптік мамандарды таңдау қажеттігін, сол кәсіп мамандар даярлайтын училище ашу керектігін айтып кеткен. Ы.Алтынсариннің сол айтқандары бүгінгі күнмен үндесіп тұр, — деді кітапханашы Елена Шибаева.

Тағылымды, мазмұнды кеште І.Омаров атындағы қазақ драма театрының актері Қабдол-Мажит Сүндетұлы, М.Хәкімжанова атындағы №20 орта мектебінің 7 "б" сынып оқушысы Мәди Текешев пен бірге Ыбырай Алтынсариннің "Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш" әңгімесін сахналады. Ал, осы театрдың актері Мейрам Жапаров болса оқырмандарға Ыбырайдың рөлінен монолог, кітапхана маманы Мәдина Сәрсенбаева өлең оқыды.

Сол секілді кешке жиналғандар онлайн арқылы Ы.Алтынсарин атындағы мемориалдық мұражайының, Ыбырай Алтынсарин атындағы көшенің ашылу тарихымен танысты. Мұражайдың қызметкері Жаңагүл Досжанова сол секілді Торғайда ашылған мектеп туралы, Ыбырай Алтынсариннің қолданған заттары мен "Құран" кітабы жайында әңгімелеп берді.

Кеш аясында "Дала жұлдызы — Ыбырай" атты көрме болды, кітапхана мамандары қысқаша шолу жасап, әңгімелеп берді. Көрмеге ағартушының көп томдық шығармалар жинағы, өлеңдері, әңгімелері және Әнуар Дербісалиннің "Ыбырай Алтынсарин", "Жүз тұңғыш" атты кітаптары қойылды.



Үш мереке тоғысындағы той

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы, Ы.Алтынсаринге 175 жыл және Қостанай облысына 80 жылдығына орай аудан әкімдігінің бастамасымен мәдени іс-шара ұйымдастырылды. Шара ағартушы Ы.Алтынсариннің ескерткішіне гүл шоқтарын қоюдан бастау алды. Содан кейін Н.Ахметбеков атындағы мәдениет үйінде салтанатты жиын өтті. Аудан әкімі жиын барысында шақырылған меймандарды таныстырды. Олардың қатарында "Қазақтелеком" акционерлік қоғамы Қостанай облыстық телекоммуникация дирекциясының бас директоры Қажымұрат Темірханов пен халықаралық "Қазақстан Заман" газетінің Қостанай өңіріндегі тілшісі Қыдырбек Қиысқан бар.

Салтанатты жиында аудан әкімі Асқарбек Кенжеғарин облыстың кешегі және бүгінгі тарихын парақтап, жеткен жетістіктерін тілге тиек етті. Сонымен қатар астықты өлкенің ұланғайыр жерінде тек қана егін шаруашылығы емес, асыл тұқымды мал шаруашылығы көңінен дамып келе жатқандығын қуанышпен жеткізді. Облыс әкімі Архимед Мұхамбетовтың қолдауымен ауданымыздағы бірқатар білім ошақтарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілгендігін сөзіне арқау етті. 80 жылдық тарихы бар облыстың жер көлемі Қазақстан бойынша алдыңғы қатарда екен. Аудан басшысының баяндамасында ең басты қамтылған тақырыптардың бірі осы болды. Сондай-ақ, қазақ елінің көкірегі оятап, біліммен көзін ашқан ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің өмір деректеріне шолу жасап, мектеп ашу жолындағы елеулі еңбектеріне тоқталды. Баяндама соңында егемен еліміз кемелденіп, облысымыздың экономикасы өркендеп, қарыштап дами берсін деген тілегін білдірді. Және де Қажымұрат Жұмабекұлына "Жанкелдин ауданның құрметті азаматы" деген атағын салтанатты түрде табыс етті.

Ауданымыздың "Құрметті азаматы", Қостанай облысының 80 жылдығына арналған медальдің иегері Кәкімжан Карбозов "Туған өлке, қазыналы Қостанай" тақырыбында әңгіме өрбітті. Айтпақшы, "ауданның әлеуметтік-эконо-

микалық дамуына үлес қосқан үшін" аудандық "Біздің Торғай" газетінің тілшісі Б.Ахметбеков, коммуналдық-шаруашылық кәсіпорын инженері Руслан Жөкешбаев, М.Дулатов атындағы орта мектебінің мұғалімі Бақыткүл Әлімова, балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы Мереке Досжанов аудан әкімінің алғыс хаттарын алды.

Салтанатты жиын соңы "Әнім сенсің, жырым сенсің, Қостанай" атты аймақтық ән байқауымен сабақтасты. Ақтөбе облысының Ырғыз ауданынан және Жанкелдин, Аманкелді, Денисов, Қамысты, Алтынсарин аудандарымен Қостанай, Арқалық қалаларынан республика көлеміне танымал күміс көмей әншілер бақ сынады. Байқаудың ережелері мен талаптары бойынша байқауға қатысқан 14 үміткер бір халық әнін және Қостанай туралы бір ән шырқау керек-ті. Бұл талапқа сай әуезді әндерді нақышына келтіріп шырқаған аманкелділік Фариза Жоламанова, Алтынсарин ауданының әншісі Гүлбақыт Жаңбырбай ғана болды. Гүлбақыттың бұлбұл үнді дауысы көрермендерді еріксіз өзіне елтіп алды. Ырғыз ауданының әншісі Бауыржан Нұрлыбайдың мінсіз талабына шек жоқ. Қазылар алқасының шешімімен ырғыздық әнші жүлделі бірінші орынды жеңіп алды. Екінші орынды алтынсариндік Гүлбақыт Жаңбырбай иеленді. Аманкелді ауданының талғампаз әншісі Ақтоты Сәдуақас пен жерлесіміз Асхат Шыңғысов үшінші орынды теңдей бөлісті. Жеңімпаздар мен номинация иегерлері аудан әкімінің алғыс хаттарымен және ақшалай сый-сияпаттармен марапатталды. Аитулы мерекелердің легі жылдың аяғына дейін жалғасады. Бұл — бастамасы ғана. Келер жылы алаш қозғалысының 100 жылдық тарихи тойы біздің ауданда кең көлемде тойланады деп жоспарланып отыр.

Байбатыр НИЯЗБЕКҰЛЫ.

Жанкелдин ауданы.

Шығармалар байқауы

Н.Ахметбеков атындағы мәдениет үйінде аудандық білім беру бөлімінің қолдауымен, Б.Хамзин атындағы өнер мектебінің ұйымдастыруымен Қостанай облысының 80 жылдығына және Ы.Алтынсариннің 175 жылдығына арналған "Білім мен өнер өлкесі — қазыналы Қостанай" тақырыбына негізделіп, Ыбырай шығармаларынан сахналық қойылымдар байқауы өтті.

Сахна шымылдығын Өнер мектебінің жанындағы кітапхана оқырмандарынан құрылған "Сиқырлы театрдың" кішкентай әртістері "Мақта қыз" ертегісімен ашып берді. Байқауға аудан, ауыл, ауылдық округтардың барлық мектептерінің оқушылары қатысып, киелі сахнада өнер көрсетті. Сахналық қойылымдардың мазмұнына жете көңіл бөлген оқушылар көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Сахна мәдениетін сақтай білген байқау үміткерлері әртістік шеберліктерімен ерекшеленіп, қазылар алқасының талғамына сай Ыбырай шығармаларын нақышына келтіріп, сомдады.

Байқау қорытындысы бойынша, Жанкелдин, Аманкелді, С.Мәуленов атындағы орта мектептің оқушылары ынталандыру сыйлықтарын иеленді. Оларға естелік ретінде С.Оспановтың "Сынбес шырақ" атты кітабын сыйға тартты. Ал бірінші орынды Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебі жеңіп алды. Екінші орынға Ы.Алтынсарин атындағы орта мектеп лайықты деп бағаланды. Үшінші орын



Қ.Қайдосов атындағы орта мектептің еншісіне бұйырды. Аудан әкімінің орынбасары Түбекбай Ғабсалықұлы жеңімпаздарды аудан әкімінің алғыс хаттарымен марапаттап, ақшалай сыйлықтарды табыс етті. Сонымен қатар жақсы дайындықпен келіп, Торғай жұртшылығына рухани демалыс сыйлаған мектеп оқушыларының одан әрі өнерлерінің шыңдала беруіне тілектестігін білдіріп, ауыл, ауылдық округтардың әкімдеріне, мектеп басшыларына, өнер мектебінің ұжымына шексіз алғысын жеткізді.

Байбатыр АХМЕТБЕКОВ.

Жанкелдин ауданы.

● ОЙ – МАРЖАН

(Жалғасы. Басы газеттің өткен санында).

Қызғаныштың қызыл иті мен қара ниеттілерді жеңу. Біреуді жек көрумен, ақыл жолымен болсын, жек көрсең де, бәрібір жеңе алмайсың. Жеңудің ең дауа жолы – әдептілікпен кек алу. Дұшпаның жайлы жақсы сөз айту – ерекше мақтауға тұрарлық үлгі; өзіне кек сақтап жүргендерге ажыратылумен, қайраттылықпен кек қайтарады. Міне, осылай ғана қызғаныштан іші жарылып жүргендерді жеңе аласың. Сенің әрбір қуанышты тірлігің кекшіл қызғаныштың мойнындағы арқанды қыса түседі; сенің жұмағың – дұшпаның үшін тозақ. Осы жаза оған өте лайық, ол біреудің тәтті шырынын у есебінде ішеді. Қызғаныштан іші жарылатын адам, дұшпаны жайлы қанша рет мақтау естисе, сонша рет өледі; басқаның мерейі асып жатқанда, келесі біреудің азабы жалғасып жатады; біреудің ләззаты – басқаға уайым. Біреулер мәңгі өлмейтін мәртебе естіп жатқанда, екіншілер қызғаныштан қылғынып жатады.

Сөздің адамы және істің адамы. Бұл кісілерді айыра білу қажет. Қасындағы досың нағыз досың ба, әлде, басыңа қонған бағыңның досы ма. Егер досың істе жаман болмай, сөзде нашар болса, дұрыс болмағаны, ал сөзде тәуір, істе нашар болса, тіптен жаман болғаны. Сөзбен ешкімді тойдыра алмайсың, сөз желге ұшып кетеді, құр ықылас пен ниетің ас болмайды. Сыпайылықпен алдау – жарықпен көзін шағылыстырып аң аулағандай. Атаққұмар ғана ауамен қорек етеді. Сөзіңнің ісіңе кепілдік беретін бағасы болсын. Өзегі шіріген ағаштың жемісі болмайды, жапырағынан басқа ештеңесі жоқ. Оның пайдасы көлеңкесі ғана.

Бір сәтсіздігің жүз жетістігіңді басып кетеді. Шаңқай түсте күнге тіке қарай алмайсың, күн тұтылса болды, барша жұрт оған назарын аударады. Қаншама жетістігіңнің бар екенін жұрт санамайды, мүлт кетіп көрші, сол заматта көре қояды. Ақымақтарды жұртшылық жақсы біледі, жаман істерін айқайлап айтады, тәуір адамдар аз мақталады; қаншама адам қылмыс жасағанға дейін аты ешкімге естілмей өмірден өтті. Бір ғана қарапайым қатең, өмір бойы жинаған жетістіктеріңді жоқ етеді. Сондықтан тоқмейілісіме, адамзаттың қаратілекшілері жақсы істеріңді көрмейді, тек жаман жағыңды көреді.

Бәрін түгел жұмсама. Бұл жеңістің кепілі. Бәрін түгел жұмсама, жарты күшінді артыңа қалдыр. Білімінді де кейінге қалдыра тұр, сонда олардың құны артады. Бір күндерге қажет болып қалар деген қорың қалсын. Артыңа күш қалдыра білу, батырлықтан да маңызды; ержүректігіңді арттырады, сенімді боласың. Ақылмен іс атқаратын адам сенімге сүйеніп іс жасайды. Мына бір қисынға келмейтін сөз оны нақпа-нақ қолдайды: «Жарты – бүтіннен маңызды».

Беделді достарыңды бекер шашпа. Ықпалды доста-

рыңды – тек маңызды істерге жұмса. Мықты достарыңның зор ықпалын майда-шұйдаға ысырап етпе. Олай етсең, олардың шарапатын шашып төккенің: «қасиетті зәкірді» тек қауіп-қатер төнгенде ғана пайдалан. Майда-шұйдаға бәрін жұмсап тауыссаң, үлкен істерге нең қалады? Бүгінгі таңда ықпалды қолдаушыдан қымбат ештеңе жоқ. Оның қолынан бәрі келеді, жоқтан бар жасай алады, барды жоқ ете алады, тіпті дарын тауып бере алады, дарыныңды жоқ ете алады. Сол себептен де беделді достарыңның болғаны, оларды сақтай білгенің – ақшалы болудан да жақсы.

Өмірде шыны сияқты мортылдақ болма. Әсіресе, достықта. Кейбіреулердің тез жарық түсіп шытынайтын себебі, ішінің қуыс болуынан; ішінді ренішпен, өзгенің ішін ызамен толтырғаның. Мұндай шыбық тимей шыңқ етерлер көздің қарашығындай нәзік келеді; оларға әзілдеп те, шын көңілмен де тиіспе; олардың бір шырпысына зиян тигізгенің, басыңа қара күн туғызғаның. Мұндайлардың нәзік көңілі мен желкілдек намысына кішкентай да сызат түсірмеуге тырыс. Олар көбінесе делқұлы есерсоқ келеді, наз көңілінің құлы, ол үшін бәріне барады: өркеуделік – пір тұтқан мақсаты. Оның шын құмары – асыл тастың өзі емес, жасандысы. Жасанды тас әрі мықты, әрі ұзақ өмірлі келеді.

Өзің біл, білмесең, білетінің айтқанын тыңда. Өз ақылың болмай, біреуден ақыл сұрап алмай өмір сүруге болмайды; көп адамдар өзінің білмейтіндігін білмейді, кейбіреулер білмесе де білемін деп ойлайды. Ақылсыздықтан туған аурудың емі жоқ, себебі надандар өзін білмейді, білмегендіктен өзіне не жетіспейтінін білмейді. Біреулер ғалым болар ма еді, әттең ғалым болдым деп ойламағанда; өзіне өзі ризалар болады, олар данышпан әулиелердің сирек туатынын біле тұра, өздерін даңқ шыңына шықтым деп санайды, ешкімді тыңдамайды. Ақыл сұраудан қорықпа, одан сенің ұлылығың азайып қалмайды, ақылыңа да зияны тимейді: кеңес сұрай білу – ақылдылықтың белгісі. Мәселені жан-жақты талқылап алғанда ғана, ақылды іс жасайсың.

Адамдармен қатынаста орта қашықтықты ұстай біл. Адамдармен ара қатынаста ағайынгершілікті орынсыз пайдаланып өзгенің ата-тегінің қадірін арзандатпа, өзің де өзгелер солай етпесін. Арзан ағайынгершілік абыройыңа зиян, ұяты бар құрметтейтін адамыңа зиян. Жарық жұлдыз алыс тұрғанда ғана оның сәулесі бәрімізді жарқыратады. Құдіретті адам қастерленуі керек, қарапайым заттарды адамдар ұнатпайды: жиі көрген сайын, құрметтеуі азая түседі, жақын көрген сайын жасырынып келген кемшіліктерін аңғара бересің. Ешкіммен етене жақындаспа: жоғары дәрежелілермен – ол қауіпті, төменгі қатардағылармен – ерсі, оның ішінде қарашамен араласу – ақымақ адам сыйластықты сыпайылық демейді, со-



лай болуға тиіс нәрсе деп қабылдайды. Шектен тыс қарапайым қарым-қатынастан көргенсіздік тууы мүмкін.

Өтірік айтпа, бірақ барлық шындықты жайып салма. Ерекше сақтықпен айналысатын іс – бұл шындық. Оны өз жүрегіңнен қан жіберумен теңеге болады. Ақиқатты айту мен ол жайлы үндемей қалуға қаншалықты ақыл керек десеңші. Бір ғана рет өтірік айттың, бітті адал адам деген атағыңнан айырылды. Алданған адамды аңғал десе, алдаушыны, жаман атпен – арамза деп атайды. Шындықтың бәрін айтуға болмайды: бір шындықты өзің үшін, екінші шындықты – басқалар үшін айтпа.

Салтанатқұмар болма. Патшаның паңдығын заманыңда қылжақтық деп сынаған кезі болыпты. Паңмүнез адам ебейсіз, жарасымсыз, бұл ауру түгел бір халықта кездесіп қалады. Ақымақтың мінезі ісінбе матадан тоқылған. Біреуді пір тұтуға құмарлардың ар-намысы – өте-мөте мортылдақ болады, оларға қылаудай нәрсе қауіпті. Өрине, абырой мен құрметке ие болу жақсы нәрсе, бірақ салтанатқұмарлықты сүйсілік жағымсыз қылық. Сөз жоқ, салтанат пен құрметсіз жүретін адамның жанында оның мерейін көтерушілерінің болғаны қажет. Өзіңе көрсетілетін әдеп пен құрметтің рөлін өте асыра берме, өте кеміте берме. Майда-шұйдаға сезімтал адам – майдашыл адам.

Бір ғана әрекетпен шектелме: бірінші жолы істей алмағаның – жамандықты жеңе алмағаның. Алғашқыда, қателесуің қиын емес: адамның ылғи жолы бола бермейді, әр істің өз мезгілі бар, «кезі келгенде – ісіңнің тезі болады» деген сөз содан қалса керек. Алғашқы әрекетіңді екінші рет қайтала – осы ретте жолың болса, алғашқы жолғы сәтсіздігіңді толтырғаның. Өрқашан үздікке ұмтыл, әр жолы асып түс. Ісіңнің сәтті болуына көп жағдай әсер етеді, табысты болу – сирек бақыт.

Кемшілікті бет-жүзіне қарамай танитын бол. Әділ көзден кемшілік жасырына алмайды, бетінде пердесі болса да; мейлі мүкісті алтын тәжбен жап, алтынмен жаманды жасыра алмайсың. Құлмінездіні қанша биікке қойсаң да қортықтығы көрініп тұрады. Мүкісті әдемілеуге болар, бірақ ол ешкімді әдемі ете алмайды. Пәленше деген батыр пәлен істе оқыстық жіберіпті дейді, бірақ оның бұл істе батыр-

лығы жоқ екендігін ешкім ойламайды. Дегенмен жоғары орынның адамдарының істері бірден баттыып көрінетіндіктен, ондай адамның келеңсіз істерінің өзі тәуір болып көрінеді, ұлы адамның кескінсіз құлмінезділігін үлгі етушілер мына шындықты ұмытады: ұлы адамға жарасатын кемшілік, құлдың орындауында жиіркенішті.

Жүрегің ұнатқанды өзің істе, ұнатпайтынды өзгелер арқылы. Өзің ұнататын істі өзің істесең, жүрегің махаббат сезіміне толады, өзгелер арқылы істесең, ұнатпайтын істі назарыңнан тыс етеді. Жан сезімі жоғары адамдар біреуден жақсылық күтуден гөрі, өзгелерге жақсылық етуді ұнатады, олар осыдан рахат табады. Біреуге жамандық істеген кезімізде, ол кісілерге аяныштық сезіміміздің немесе ұятымыздың оянуы сирек кездеседі. Белгісіз күштердің біздің жан сезімімізге әсер етуі көңілімізге кейде орынды, кейде орынсыз күдік тудырады. Себебі жақсылық жасаймын деп жамандық жасауымыз да мүмкін. Мұндай кезде наразы жақтың жеккөрініші мен қарғаған садағының оғының астында қаласың. Өшіккен итке ұқсаған қара тобыр себебіне үңілмей басты кінәліні емес, бірақ қару болған адамға бар өшін бағыттап бас салады, барлық соққыны сол жейді.

Әсіре сыпайыларға сенбе. Бұл алдамшылықтың бір түрі. Кейбіреу бақсының дәрі шөбін ішкендей басы арбалады. Олар надан мен атаққұмарлардың миын оп-оңай айналдырады. Олар сенің ар-намысыңның бағасын өздері қойып, желбуаз мақтаумен пұлын төлейді. Уәдемен бәрін береді, бос уәде – аңғалдарға арналған тұзақ. Шынайы әдептілік – әр адамның парызы; жөдігөй, әсіре сыпайылық, ауызды аңқайтып алдау, оның бойында бір түйір де сыпайылық жоқ, алдап өз пайдасын іске асыру. Жарбақай жарамсақ сенің өзіңе жағымпазданып отырған жоқ, басыңа қонған бағыңа жарамсақтанады. Абыройыңды аспанға көтермек болып, өз пайдасын күйттейді.

Өз бағаңды асырма, әліңді біл. Әсіресе өмірді жаңа бастаған адамға айтылатын ақыл. Ешбір адам өзін төменге қоймайды. Неғұрлым биікке қойса, соғұрлым бағасының төмен болғаны: қияға шығып жарқ етсем деп армандайтындар, өзін анадан асыл туған ардақпын деп санайды. Үміт адамға бәрін үйіп-төгіп уәде береді, ал өмір болса оны орындамайды, арман қуған аттаққұмар өмір бойы оған

жете алмай азапты өмір шегеді. Мұндай арманмен адасқан-дарға ақылы жар болсын. Тәтті арманға берілгеннің айыбы жоқ, бірақ жаманды күт, кездесе қалса, дайын боласың. Сұрмерген көздегенде сәл асырып көздейді, бірақ ешқашан нысанадан тайқымайды. Іске кіріскен кезде санаңа мына пікірді шегелеп ұста – тәжірибесі жоқтың ісі есалаңның ісіне пара пар. Ақымақтың барлық түрін емдейтін бесаспап дәрі бар, ол – ақыл мен парасат. Әрбір адам өзіне лайық істі шеңберлеп алғаны жөн, сонда ғана өзінің пікірімен салыстыра отырып өзі жайлы шындықты білетін болады.

Басқаларды бағалай біл. Іліп алар білігі жоқ адам болмайды, кемел шебер жоқ. Әр адамның пайдалы жерін жарата білу – өте ақылды тірлік. Данышпан адам жұртқа қадір көзбен қарайды, себебі жақсыны тани алады, игі істің қымбатқа түсетінін біледі. Ақылсыз жұртқа қадірсіз көзбен қарайды, себебі жақсыны танымайды, тек жамандықты көреді.

Нақұрысқа ұқсағанның бәрі ақымақ, ұқсамағанның жартысы ақымақ. Дүниені ақылсыздық жайлап барады, жер бетіндегі даналықты Тәңірдің даналығымен салыстырсақ, оның нағыз бассыздық екенін көруге болады. Өзінің ақымақ екенін мойындамайтын, өзінен басқаның бәрін ақымақ санайтын адамды ақымақтардың ақымағы деуге болады. Данышпан болу үшін дана болып көріну, өзіңе өзің солай көріну жеткіліксіз; өзіңіз аз білетінін түсінген адамды – білгір деуге болады, басқалардың түсінгенін түсінбейтінді – мақау деуге болады. Дүние ақымақтарға толы, бірақ ешкім өзінің ақымақ екендігін түсінген емес, ондай ойы да жоқ.

Елемеушілік – дұшпаныңды жазалаудың бір амалы. Мақсатыңа жету жолындағы тәсілдің бірі – елемеушілік. Бір-нәрсені іздеп кейде оны таба алмайсың, ұмытып кетші, сол заматта өзі табыла қояды. Біз мәңгі әлемнің көлеңкесінде өмір кешіп жүрміз, көлеңкенің бір қасиеті бар емес пе – ол қусаң ұстатпайды, қашсаң, соңыңнан қалмайды. Елемеушілік те дәл осындай – саясатқа тән кек алушылыққа ұқсайды. Зерделі адам үшін бірінші қағида – ешқашан қаламның тілімен қорғанба, олай етсең ертеңгі күнге із қалдырып, қарсыластыңды жазалаудың орнына атын шығарасың.

(жалғасы бар).

Мереке Қасымұлы ДИХАЕВ

Мереке Қасымұлы Дихаев 67 жасқа қарағанда өмірден озды. Мереке Қасымұлы 1950 жылғы 1 мамырда Қостанай облысы Боровской ауданының Екпенді ауылында дүниеге келді.

1971 жылы Целиноград ауылшаруашылық институтын "Агроном" мамандығы бойынша тәмамдады. Кеңес Әскері қатарында өз борышын атқарды.

1971-1978 жылдар аралығында Қостанай облысының "Михайлов", "Есенкөл", "Мағнай" совхоздарының агрономы, бас агрономы болып қызмет етті.

1978-1984 ж.ж. — Қостанай облысының "Қарабалық" совхозы партиялық комитетінің хатшысы, совхоз директоры.

1984-1991 ж.ж. — Науырзым ААӨБ төрағасы, Науырзым ААШБ басшысы.

1991-1992 ж.ж. — Обаған ААШБ басшысы.

1992-1994 ж.ж. — "Алтын Дән" Қостанай нан үйі" АҚ президенті.

1994-2012 ж.ж. — ҚР Жер ресурстарын басқару агенттігінің Қостанай және Солтүстік-Қазақстан облыстары бойынша аймақаралық жер



инспекциясының басшысы.

Мереке Қасымұлы өз еңбек жолын Қостанай облысы бойынша жер қатынастар басқармасының басшысы лауазымында аяқтады.

Мереке Қасымұлы "За освоение целинных земель", "Тыңға 50 жыл" медальдарымен, "Знак почета"

орденімен наградталды.

Кәсіби шеберлігі мен жұмыс қабілеттілігі жоғары, ой-өрісі кең, жинақы, ұйымдастырушы, талантты бар және жедел шешім қабылдай алатын жан еді.

Айналасындағы адамдар Мереке Қасымұлын қарапайымдылығы, бауырмалдығы, адалдығы мен адамдарға құрметпен қарайтыны үшін сыйлайтын. Ол өнегелі әке және сенімді жолдас болды.

Жерлесіміздің жарқын бейнесі біздің жүрегімізде сақталады.

Мереке Қасымұлының туыстары мен жақындарына көңіл айтамыз.

А.Б.Мұхамбетов, С.Е.Ещенко, Ф.Т.Нұрмұхамбетов, Р.К.Кемалова, М.Қ. Жүндібәев, С.А. Карплук, А.Т.Әбенев, С.Ш.Бектурғанов, Ж.М. Нұрғалиев, И.П. Аронова, Б.Ш. Жақыпов, Т.С. Даиров, Б.Б. Мурзин, Н.А. Әбдуов, Н.Ж.Қатарбеков, К.Ү.Укин, К.Б.Дөненбаева, С.Б. Бұқанов, Б.П.Князев, В.С. Розинев, Р.Н. Файзуллин, М.К. Жетпісбаев, О.Б.Ихтиялов, Т.С.Серғалиев.

Көктайғақта нені ескерген жөн?

Күннің салқындауына қарай даладағы жарақаттар да арта бастайды: сүйектің орнынан шығып кетуі, қатты ауыртып алу және сынып кетуі. Дәрігерлердің мәліметі бойынша, осы күндері жарақат алушылардың саны 2 есе артады.

Жерге құлаудың алдын алу үшін, тайғанақ кезінде келесі жүру ережесін сақтау қажет:

1. Тайғанамайтын аяқ киім таңдау қажет, биік өкшелі аяқ киімнен бас тартқан жөн. Аяқ киімнің тайғанамауын үй жағдайында өзбетінше төмендетуге болады. Ол үшін, құрғақ табанға лейкопластырь немесе изоляциялы лентасын жабыстырып қоюға болады.

2. Жолыңызды қарап жүріңіз, қауіпті жерлерден айналып өтіңіз. Егерде мұзды жерді өту мүмкіндігі болмаса, онда оның үстінен шаңғы тепкендей жайлап өткен жөн.

3. Жол бөлігіндегі жолда мұқият болыңыз: асықпаңыз, жүгірмеңіз.

4. Үсті биіктетілген жерлерден алыстау жүрген жөн.

5. Тізені босаңқы ұстап, табанды жерге толық басу қажет.

6. Қолдарыңыз мүмкіндігінше бос болу қажет, ауыр сөмкелерді көтермеуге тырысыңыз, қолыңызды қалтада ұстамаңыз — ол құлап кету мүмкіндігін арттырады.

7. Қарт адамдарға қолындағы ұстаған таяқтарының ұштары резекелі немесе үшкір болуына ұсыныс беріледі.

Егерде құлаудан кете алмаған жағдайда, қол буындарын шығарып алмау үшін, қолыңызды алға созбаңыз.

Есте сақтаңыз: әсіресе арқаға құлау қауіпті, бетпен жоғары құлау жағдайында, мидың шайқалуы мүмкін. Жарақат алған кезде, міндетті түрде дәрігерге медициналық көмек алу үшін жолығу қажет.

Как обезопасить себя во время гололеда?

С наступлением холодов растёт количество уличных травм: ушибы, вывихи и переломы. По данным медицинских работников, в такие дни количество пострадавших увеличивается в 2 раза.

Чтобы уменьшить вероятность падения, необходимо соблюдать следующие правила поведения при гололеде:

1. Подберите нескользящую обувь с подошвой на микропористой основе, отказавшись от высоких каблуков. Скольжение обуви Вы можете уменьшить в домашних условиях сами. Для этого наклейте лейкопластырь или изоляционную ленту на сухую подошву.

2. Смотрите себе под ноги, старайтесь обойти опасные места. Если ледяную "лужу" обойти невозможно, то передвигайтесь по ней, как лыжник, небольшими скользкими шажками.

3. Будьте предельно внимательны на проезжей части дороги: не торопитесь и, тем более, не бегите.

4. Старайтесь обходить все места с наклонной поверхностью.

5. Наступать следует на всю подошву, ноги слегка расслабить в коленях.

6. Руки по возможности должны быть свободны, старайтесь не носить тяжелые сумки, не держите руки в карманах — это увеличивает вероятность падения.

7. Пожилым людям рекомендуется использовать трость с резиновым наконечником или специальную палку с заостренными шипами.

Если все таки падения не удалось избежать, не выставляйте вперед руки, чтоб не сломать кисти, предплечья.

Помните: особенно опасны падения на спину, вверх лицом, так как может случиться сотрясение мозга. При получении травмы обязательно обратитесь к врачу за оказанием медицинской помощи.

Мереке Қасымұлы ДИХАЕВ

2016 жылдың 11 қарашасында ауылшаруашылық саласының ардагері Дихаев Мереке Қасымұлы дүниеден өтті.

Ол 1950 жылы 1 мамыр күні Қостанай облысы Боровской ауданының Екпінді ауылында туды. 1971 жылы Целиноград ауылшаруашылық институтында оқып бітіргеннен кейін Қостанай облысының "Михайловский" совхозында агроном мамандығы бойынша еңбек жолын бастады. Одан кейін "Есенкольский", "Можайский" совхоздарында бас агроном, "Карабалыкский" совхозының партком хатшысы, директоры болды. 1984-1992 жылдары Қостанай облысы Науырзым ауданы ауылшаруашылық басқармасының басшысы қызметін атқарды. 1992-1994 жылдары "Кустанайский хлебный дом "Алтын дән" АҚ директоры, 1994-2012 жылдары Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша өңіраралық жер инспекциясының басшысы қызметін атқарды. Оның жоғары қабілеті мен іскерлігі, ерен еңбегі үшін "За освоение целинных земель" (1994), "Тыңға 50 жыл" (2004) медальдарымен марапатталды.

Жаны жайсаң, ардақты азамат Мереке Қасымұлының жарқын бейнесі оны білген, бірге қызметтес болғандардың жадында әрдайым сақталады және туған туыстары мен жақындарына орны толмас қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Науырзымдықтар атынан: Т.С.Даиров, Е.Ж.Айсағалиев, К.Қ. Орманов, А.Т.Исмаилов, Ө.Б.Ихтиялов, Б.Ж. Мұтғаов, Е.Ы.Тасқынбаев, Д.Т.Көбеев, Ж.Х. Халықов, С.Ф.Оразбаев, Г.Е.Әбенова, Қ.Қ. Өтебай, Т.М.Хасенов.



Мереке Қасымұлы ДИХАЕВ

2016 жылы 11 қарашада ауыл шаруашылық өндірісінің ардагері, білікті агроном **Дихаев Мереке Қасымұлы** дүниеден өтті.

Ол 1950 жылы 1 мамыр күні Меңдіқара ауданы Екпінді ауылында туған.

Қаратал орта мектебін, Целиноград ауыл шаруашылық институты Қостанай филиалының агрономия факультетін аяқтап, Комсомол ауданы "Михайлов", "Есенкөл", "Мағынай" кеңшарларында агроном, бас агроном болып, жемісті еңбек етті. Сол ауданның "Қарабалық" кеңшарында партком хатшысы, "Комсомол" кеңшарының директоры, Науырзым аудандық, Алтынсарин аудандық ауыл шаруашылық басқармаларының басшысы, "Алтын дән" астық үйінің президенті болып терең ізденіс танытып, сол кеңшарлар мен аудандарда өзінің қайталанбас ізін қалдырды, тұрғындардың ыстық ықыласы мен ілтипатына бөленді, егіншілік мәдениетін арттыруға, мал шаруашылығын дамытуға, ауылдағы әлеуметтік саланы жаңа сатыға көтеруге өзіндік үлесін қосты.

"Алтын дән" таратылған соң М.Қ.Дихаевқа ерекше жауапты сала-жер ресурстарын пайдалану жөніндегі облыстық комитетті басқару жүктелді. Кейін Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі аймақаралық жер инспекциясы атанған бұл мекемеде білікті агроном жеранаға деген ерекше жауапкершілік танытып, оны барынша тиімді пайдалануға ықпал етті.

Жастайынан жетім өскен Мереке Қасымұлы қарамағындағыларға ерекше ілтипатпен қарайтын, қайда еңбек етсе де қарттар мен жалғыз ілікті жандарға пана бола білді, шығармашылықпен айналысатын жандардың, талантты жастарды қолдады. Оның қолынан 326 отбасы жаңа салынған пәтердің кілтін алғанын ерекше мақтаныш ететін.

Ел игілігі жолындағы ерен еңбегі мемлекеттік наградаларымен аталып өтілді, оның есімі облыс энциклопедиясына енгізілді.

М.Қ.Дихаевтың отбасында екі ұл, екі қыз туып, айтулы азаматтар болды. Бәрі де жоғарғы білімді мамандар.

Айтулы азамат, білікті агроном, абзал достың кенеттен қайтыс болуына байланысты аяулы жары Әлия қажыға, балалары мен немерелеріне, ағайын-туғандарына қайғырып, көңіл айтамыз. Марқұмның алды пейіш, арты кеніш, қуаныш болғай!

Кенжебек Үкіұлы, Төлебай Ахметов, Серікбай Бисетаев, Рахымбек Жұмақұлов, Орал Таңжарықов, Сәкен Төкенов, Қуаныш Әуезбеков, Мұхамеджан Жетпісбаев, Өмірзақ Ихтиялов, Сәлім Қайыров, Тұрсынбай Сәдуақасов, Нығмет Қонақов, Ибраһим Естаев, Сәлім Меңдібай, Жанұзақ Аязбеков.

Облыстық "Қостанай таңы" газеті редакциясының ұжымы газетіміздің шынайы жанашыры және тұрақты авторы

Мереке Қасымұлы Дихаевтың

қайтыс болуына байланысты оның отбасы мен ағайын-туғандарына қайғыға ортақтасып, көңіл айтады.

Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы "ЖРБА Қостанай облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бұрынғы басшысы өз ісінің білгірі, жаны кең адам, адал жолдас

Мереке Қасымұлы Дихаевтың

қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарының қайғысына ортақтасып, шын ниетпен көңіл айтады.

Әріптестің жарқын бейнесі қызметкерлердің есінде мәңгі сақталады.

"Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" ММ ұжымы

Мереке Қасымұлы Дихаевтың

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен жақын туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Бір топ жолдастары ауыл шаруашылығының ардагері

Мереке Қасымұлы ДИХАЕВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туысқандарының қайғысына ортасып, көңіл айтады.

Есмұратов С.Б., Қуанышпаев Е.Т., Қосшығұлов А.У., Ермағамбетов А.Қ., Гришин Г.П., Воронков С.П., Көдебаев К.А., Стешин Н.В., Коломин Н.В., Кулешов М.И., Тасқожин А.Ш., Үсенов С.С., Чесноков Н.Н., Шәйкенов Н.Ж.

"Лодяной" ШҚ сенімді тұлғасы — Қызылбасова Гульмира Серикбаевна көпідік мүлікті соттан тыс өткізу тәртібімен сауда өткізілетіні туралы хабарлайды.

Мүлік саудаға 2 лотпен қойылады.

1 лот:

— Қостанай облысы, Денисов ауданы, Некрасов селолық округі мекенжайында орналасқан, кадастрлік нөмірі 12-187-025-016, жалпы алаңы 408,2 га, мақсаттық нысаны: шаруа қожалығын жүргізуге арналған жер теліміне тұрақты жер пайдалану құқығы;

— Қостанай облысы, Денисов ауданы, Некрасов селолық округі мекенжайында орналасқан, кадастрлік нөмірі 12-187-025-010, жалпы алаңы 351,6 га, мақсаттық нысаны: шаруа қожалығын жүргізуге арналған жер теліміне тұрақты жер пайдалану құқығы;

2 лот:

— Қостанай облысы, Денисов ауданы, Некрасов селолық округі мекенжайында орналасқан, кадастрлік нөмірі 12-187-025-011, жалпы алаңы 18,0 га, мақсаттық нысаны: шаруа қожалығын жүргізуге арналған жер теліміне тұрақты жер пайдалану құқығы;

— Қостанай облысы, Денисов ауданы, Некрасов селолық округі мекенжайында орналасқан, кадастрлік нөмірі 12-187-025-017, жалпы алаңы 35,5 га, мақсаттық нысаны: шаруа қожалығын жүргізуге арналған жер теліміне тұрақты жер пайдалану құқығы.

Бастапқы баға 7 955 000 теңге.

Сауда әдісі ағылшын.

Кепілдік жарна лоттың бастапқы бағасының 10% -ын құрайды. Сауда сағат 11.00-де 30.11.2016 жылы мына мекенжайда болады: Денисов ауданы, Денисов с., ұялы телефон: 8 705 145 27 36.

Өтінім қабылдау және сауда қатысушыларын тіркеу осы хабарландыру жарияланған күннен кейін келесі күннен бастап жұмыс күндері сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін, түскі үзіліс 12.00-ден 13.00-ге дейін мына мекенжайда жүргізіледі: Денисов ауданы, Денисов с. Сатып алу бағасы қолмақол ақшамен сауда өткізілген сәттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі. Өтінім қабылдау және сауда қатысушыларын тіркеу сауданың басталуына бір сағат қалғанда аяқталады. Сауда қатысушысы ретінде тіркелу үшін құжаттар сауда ұйымдастырушының өзіне не болмаса тиісінше ресімделген өкілеттігі бар үшінші тұлғаның өкілдігі бойынша ұсынылады.

Доверенное лицо КХ "Лодяной" — Қызылбасова Гульмира Серикбаевна в порядке внесудебной реализации заложенного имущества, объявляет о проведении торгов.

Имущество выставляется на торги 2 лотами.

1 лот:

— постоянное землепользование на земельный участок, расположенный по адресу: Костанайская область, Денисовский район, Некрасовский сельский округ, кадастровый номер 12-187-025-016, общей площадью 408,2 га, целевое назначение: для ведения крестьянского хозяйства;

— постоянное землепользование на земельный участок, расположенный по адресу: Костанайская область, Денисовский район, Некрасовский сельский округ, кадастровый номер 12-187-025-010, общей площадью 351,6 га, целевое назначение: для ведения крестьянского хозяйства;

2 лот:

— постоянное землепользование на земельный участок, расположенный по адресу: Костанайская область, Денисовский район, Некрасовский сельский округ, кадастровый номер 12-187-025-011, общей площадью 18,0 га, целевое назначение: для ведения крестьянского хозяйства

— постоянное землепользование на земельный участок, расположенный по адресу: Костанайская область, Денисовский район, Некрасовский сельский округ, кадастровый номер 12-187-025-017, общей площадью 35,5 га, целевое назначение: для ведения крестьянского хозяйства;

Стартовая цена 7 955 000 тенге.

Метод торгов английский.

Гарантийный взнос составляет 10% от стартовой цены лота. Торги состоятся в 11-00 часов 30.11.2016 года, по адресу Денисовский район, с. Денисовка, сот телефон 8 705 145 27-36.

Прием заявок и регистрации участников торгов производится со следующего дня после опубликования настоящего объявления в рабочие дни с 09-00 до 17-00 часов, перерыв на обед с 12-00 до 13-00 часов, по адресу: Денисовский район, с. Денисовка. Покупная цена вносится наличными деньгами в течение 5 календарных дней с момента проведения торгов.

Окончание приема заявок и регистрации участников торгов производится за час до начала торгов. Документы для регистрации в качестве участника торгов предоставляются организатору торгов лично либо при наличии надлежащим образом оформленных полномочий по представительству третьего лица.

Еңбегі ел есінде

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның халық жазушысы Мәриям Хәкімжанованың 15 қараша, яғни бүгін туған күні. Арғы атасы – ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің биыл 175 жылдығы болса, Мәриям апамыздың 110 жылдығы. Облыстық Ы.Алтынсарин мемориалдық мұражайында қазақ әдебиетіндегі қыз-келіншектер шығармашылығын алғашқы шамшырағы болған Мәриям апамызға арналған бұрыш бар.

Мәриям ақынның шығармашылығы жайында көп айтуға болар. Ол кісінің көптеген кітаптары, қолданған дүниелері мұражайда сақтаулы. Суреттегі апамыздың жазу үстелі, қобдишасы мен қоңырау сағаты. Бәрі де өзінің көзі тірісінде қолданып, талай шығармаларын жазуға себеп болған құнды дүниелер. Осы орындықта отырып, ой-толғаулар ақ парақ бетіне түскен.

– Биыл апамыз 110 жасқа толып отыр. Бұл халқымыз үшін мақтануға тұратын жағдай. Сөз қадірін, сөз асылын бағалай білген апамызды өзім көзін көрген едім. Алматыдағы үйіне арнайы іздеп барғанымда, ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин жайында көптеген деректермен бөліскен болатын. Сол кезде ол кісі 87 жаста болған екен. Дауысы анық, дикторлардың



сөйлегеніндей ерекше сөйлейтін. Апамыз дүниеден өткен соң баласы көп затын осы мұражайға табыстады. Бәрі де мұражай қорында сақтаулы, – дейді мұражайдың бас қор сақтаушысы

Зора Балтабаева.

Мәриям Хәкімжанова туған жерін ұмытпай, үнемі келіп, жырақта жүрсе де, облыстық "Қостанай таңы" газетін үйіне тұрақты түрде жаздырып алып тұрған деседі.

Басылым арқылы туған жеріндегі барлық игі істер жайында ақпарат алып отырған. Бүгінде арамызда жоқ болса да, артында өшпестей дүние қалдырған апамыздың еңбегі ел аузында.

● ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҮЛҒАЛАРЫ

"Ғасырға қанат қаққан дәстүрлі өнер"

Ә.Боранбаев атындағы кинотеатрда белгілі қолөнер шебері Ш.Бәйділдәұлының 70 жас мерейтойына орай шығармашылық кеші өтті.

Кеште мерейтой иесінің кітаптары мен оюларынан көрме қойылып, мультимедиялық слайд көрсетілді.

Ш.Бәйділдәұлы сурет салу, ағаш жону, темір, күміс соғу сияқты өнер түрлерін, яғни ұсталық, зергерлікті жақсы меңгерген. Отыз жылдан астам уақыттан бері тұрақты түрде қазақ ою-өрнегін жасаумен айналысады.

Тағылымды кешті ақын Молдатай Жапаров жырыммен айшықтап, Орекен Алмат, Кәки Ақан, Еркін Қожахметов сынды аға буын өкілдері мерейтой иесі жайлы жылы лебіздерін білдірді.

"Кісі танымақ болсаң, ісіне қара" деп дана сөз қалдырған ұлы Жүсіп Баласағұн бабамыз. Өнер – ата-бабадан даритын қасиет. Оны шайқалтпай алып жүру – кейінгі ұрпақ еншісінде.

Әлия ҚАРСАҚБАЙҚЫЗЫ.

Арқалық қаласы.



● РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН

Мақсымның мысалы

Кіші жүздің табын руынан шыққан Мұхамедәлі деген кісі Ақтөбе жақта дінді қуаттағаны үшін Кеңес өкіметі тарапынан қудалауға түсіп, Орынборға қашып, аты-жөнін өзгертіп алып, ұрпақ ауысып барып Қарақалпақ асқан екен. Нөкіс университетінде сол Мұхамедәлінің баласы Қасымның бір ұлы Ибадулланың (Орынборда орыс тамыры өзінің аты – Иван болсын деп ұсыныпты, кейін елге оралған соң Ибадулла етіп өзгерткен) үйінде жатып оқыдым. Өте мейірімді, асқан жанашыр жандардың отбасы мүшесінің бірі болдым десем артық болмас. Бір көрпенің астында жатып, бір қазаннан ас ішкен 7 балаға мен сегізінші болып қосылдым. Осы күнге дейін бауырлар болып араласып тұратынымыз сол аға ұрпақтың көрсеткен үлкен өнегесі мен қазақтың қанына сіңген қайырымдылық, ізгілік қағида-сын мықты ұстанғандығының әсері болса керек. Сол Қасым атамыздың (сол кезде сексеннен асса да жады мықты, сүйегі асыл кісі еді) мақсым деген де аты болды, яғни Қасым мақсым деп атайтын ол кісіні баршасы. Атадан балаға мұра болып келе жатқан адамгершіліктің асыл қасиеттерін насихаттайтын Ис-

лам дінінің ерекшеліктерін уағыздаған ұрпақтың өкілі Қасым ата өмір бойы дінді оқып, үйреніп кетті. Қасым мақсым қайтқанда мен университеттің 4-ші курсына сырттайға ауысып, Нөкіске қысқы сессияға барған едім. Мақсымның намазына жиналған сонша қарақұрым халықты мен тек көсемдер туралы деректі фильмдерден ғана көрген едім. Көшеге шығып қарағанда көшенің о басынан бұ басына шейін нөпір халық болды. Е, атай сондай жақсы адам болған екен ғой дегенмін іштей. Сол Қасым мақсымның өз аузынан естіген бір нақыл әңгімесі еді айтпағым.

Бір әйел бақилық болып, о дүниеге барғанда өзінен ертерек қайтып кеткен балалары төңіректен жүріп, жақындай алмаса керек. Маңайындағылардан:

– Неге біздің анамыз көлдің ортасында тұр, бізге неге жақын дамайды? – деп сұрастырады.

– Сіздердің аналарыңыз өмірінде ағайын-туыс, көрші-көлемге мүлдем қайырсыз, өте шайпау, адам баласына бір жұтым су беріп көрмеген қатты, қатыгез жан болған екен. Жаратушы сондықтан да ол кісіге осындай жаза бұйырыпты бұл дүниеде, – деп жауап беріпті

білетіндер.

– Көлдің ортасындағы табан сыятындай ұлтарақтай жерде бір аяғымен ғана тұрған әйелдің қолын соза ұстаған бақырашына көктен жауған жаңбырдың бір тамшысы да тамбайды екен. Мейірімді болындар, қандай да жасаған жақсылықтың қайтарымы болады. Сондай-ақ, жақсылықты ертең қайтар-ау деген пұылмен емес, таза көңілмен, ақ пейілмен шын жүректен ұсынғанда ғана ізгілік ретінде қабылданады. Мұқтаж жандарға әрдайым көмек қолын созғандарың жөн, – деп мысал келтіріп отыратын Қасым атай. Қасым мақсымның екінші ұлы Роман-ның ұрпақтары Ақтөбе жақты мекендесе, үлкен ұлы Ибадулла мен қыздарынан тараған ұрпақтар Алматы маңына қоныс аударған. Қарақалпақстанда да тұратын ұрпақтары бар.

Таяуда Талғардағы Ибадуллдан жақсы хабар жетті. Немересі Асылбектен туған ұл, Қасым мақсымның шөпшегі болып келетін Мұхаммедқасымды қырқынан шығарыпты. Баба қасиетін ұлықтай білетін, сол есімді жауапкершілікпен алып жүре алатындай ұрпақ болып өссін деп тіледім.

Рәзия БИКЕНОВА.

Қостанай ауданы.

Меншік иесі:

"Қостанай таңы" газеті
редакциясы" ЖШС

Директор-Бас редактор
Жанұзақ
АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау
бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69

Директор-бас редактордың
орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65

Жауапты хатшы: 54-33-22

Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68

Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42

Социологиялық зерттеу орталығы:

54-53-21, 39-26-25

Жарнама бергізіңіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия:

54-99-88, 39-26-88

Компьютер орталығы:

54-54-45

Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91

Аманкелдіде: 2-17-40

Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02

Рудныйда: 8-714-31-2-72-56

Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:

110000, Қостанай қаласы,

Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген.

Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Қостанайполиграфия" ЖШС баспаханасы.

Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 10735 Тапсырыс 2330

Нөмірдің кезекші редакторы Кенже ҚОНЫСБАЙ.